Бағдарламаға қатысу үшін қойылатын талаптар да бар. Олар – ҚР азаматтығы, жасы 18 бен 60 жас аралығында болуы, қатысушы мен оның отбасы мүшелерінің атында Қазақстан аумағында тұрғын үйдің тіркелмеуі. Егер ерлі-зайыптылар қатысатын болса, өтінішті тек біреуі ғана бере алады. Ал мемлекеттік қызметшілер мен Алматы облысының бюджет саласы қызметкерлері үшін қосымша талаптар қарастырылған. Олардың ресми еңбек өтілі кемінде екі жыл және міндетті зейнетақы аударымдарының болуы қажет.

«Отбасы банк» АҚ өкілі Ерболат Едігеевтің айтуынша, бағдарламаны іске асыруға облыстық бюджеттен 3,1 млрд теңге бөлінген. Сонымен қатар «Отбасы банк» тарапынан 629 млн теңге қосымша қаржы қарастырылып отыр. Бұл қаражат 120-дан астам азаматқа тұрғын үй алуға мүмкіндік береді.

– Ипотекалық несие сомасы 30 млн теңгеге дейін, алғашқы жарнасы – 10 пайыз, пайыздық мөлшерлемесі – 5. Өтініштерді қабылдау 25 тамыздан басталады. Қатысушыларды іріктеу балдық жүйе арқылы жүргізіледі. Отбасылық жағдай, бала саны, еңбек өтілі секілді көрсеткіштер ескеріледі, – деп атап өтті ол.

Қазіргі таңда облыс әкімдігі мен «Отбасы банк» арасында барлық қажетті құжаттарға қол қойылған. Бағдарлама толықтай интернет-порталға енгізілгенге дейін өтініштер қағаз түрінде қабылданады. Өтініш берушілер Қонаев қаласы, Қонаев көшесі, 7/1 мекенжайындағы «Отбасы банк» ғимаратының бірінші қабатына жүгіне алады.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті бір Жолдауында: «Елдің еңбекпен көркейетінін ескерсек, еңбек адамының қоғамда қашанда орны ерекше, абыройы биік. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды», – деген еді. Расында адал еңбек етіп, ұрпағына адал ас ішкізген адамның қашанда айы оңынан туып, күні жарық болмақ.

Еккен дәні – елге азық

● **Ерзат АСЫЛ**

Халқымыздың «Ердің атын еңбек шығарады» деген сөзі рас. Шенгелді ауылында өзінің еселі еңбегімен елге сыйлы болып жүрген әрі кәсібін дөңгелетіп отырған жанның бірі – Ерік Байғараев. Ол дала төсін дәнге, қорасын малға толтырып, еңбек етіп келеді. Бүгінде шаруақор азамат бауырларымен бірге 70 гектар жерді игеріп, түрлі өнім алуда. Мал азығы да өздерінен. Асыл тұқымды қой бағып, қомақты табыс табады.



– Біз тағамдық жүгері өсіреміз. Қонаевтағы тәтті таяқшалар шығаратын «АЯМ» зауытымен келісімшартқа отырғанбыз. Яғни, өнім шетке кетпейді, өзімізде өсіріліп, өңделіп, нарыққа шығарылады. Қазір күзгі науқан жүріп жатыр. Гектарына 12 тонна өнім аламыз деп жоспарлап отырмыз, – дейді Ерік Байғараев.

«Нан болса – ән болады» деген нақылдың бәсі әр кезде де биік болып қала бермек. Ал дастарқанға қойылар нанның негізі дән еккен шаруалардың егіс алқаптарында қаланытыны анық. Сондықтан да бұл саланың өміршеңдігі өзгеше. Оның үстіне тер төккен адамға кара жердің иіп берер игілігі көл-көсір. Осы бір адал еңбектің ырыздығын сезінген Ерік ағамыз шаруашылығын шалқыта түсуге белін бекем байлап отырғанын да айтып қалды.


«Алдағы уақытта егістік аумағын 150 гектарға дейін ұлғайтуды көздеп отырмыз. Ол үшін Шенгелдіде шаруаларға қолайлы жағдай жасалған. Су да кедергісіз беріледі, субсидияны да алып жатырмыз. Биыл өнім өте жақсы шықты. Келер жылы осы көрсеткішті жоғарылатсақ деген ниетіміз бар», – дейді ол.

Адал еңбек етіп, жердің ырысын пайдаланып отырған шаруаның жұмысы – «Жұмысшы мамандықтары жылының» жарқын үлгісі. Шенгелдіде өсірілген жүгері бүгінде отандық өнімге айналып, қазақстандық тұтынушыларға ұсынылуда.

Шенгелді ауылы, Қонаев қаласы

■ **БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:**


Қонаев – қымбат қала



Қонаев қаласына облыс орталығы мәртебесі берілгелі мұндағы тұрғын үйді жалға алу ақысы үздіксіз өсіп келеді. Көші-қонның белең алуымен тұрғын үй жалдауға деген сұраныс барған сайын арта түскен.

3-бетті қараңыз

Сынақтан сүрінсең де...



ҰБТ-ның өзі талапкер білімін анықтауға толық мүмкіндік бере ме? Тест форматы терең ойлауға емес, еске сақтап, тез жауап беруге бейімделген. Бұл шығармашылық қабілеті бар, бірақ тест форматында өзін көрсете алмайтын жастар үшін әділетсіздік емес пе?

4-бетті қараңыз

Әділдік жолындағы адал еңбек



Әшімбаевтың өмірлік ұстанымы елге адал қызмет ету, халыққа жағдай жасау еді. Ол ешқашан Үкімет қаржысына сүйенген жоқ, халықтың қолдауына арқа сүйеп, өзінің өмір тәжірибесімен басшылық етті.

5-бетті қараңыз





ҚҰРЫЛЫС

ТАҒЫМ

СЫЛБЫР ЖҰМЫС балалардың бағын байлап тұр

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалса да, Қонаев қаласының Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектебінде күрделі жөндеу жұмыстары әлі аяқталмай тұр. Оқушылар мен ата-аналардың үміті мектеп ауласындағы сылбыр жұмысты көріп, әлдеқашан үзілгендей. Сынып бөлмелерінің басым көпшілігі жабық. Спорт залы тіптен дайын емес. Мектеп ауласында да реттілік жоқ, аяқталған нысан деуден гөрі қарбаласқа толы құрылыс алаңы екені бірден аңғарылады. Бір сөзбен айтқанда, мектептің 2100 оқушысы биылғы Білім күнін тағы да өзге білім ордаларының босағасында өткізі әбден мүмкін.

№4 орта мектептегі күрделі жөндеу жұмысының басталғанына екі жылдан асып кеткен. Келісім-шарт «Sheberbuild» компаниясымен жасалған. Бөлінген қаражат та қомақты. Көлемі 1 млрд теңгеден асады. Құрылыс жұмысы 2023 жылдың маусым айында қолға алынған. Жұмыстың жоспарға сай жүргізілуіне ғимараттың тым ескілігі, талапқа сай келмейтіні де әсер еткен. Әртүрлі кедергілерге қарамастан құрылыс жұмысы жүргізіліп, қаражаттың көп бөлігі игерілген. Десе де, кейін қағаздағы есеп басқа, ал мектептегі жағдай мүлдем басқа болып шыққан. Кейін бұл мектептің ісі сотқа да түсіп, мердігерлерді айыпты деп тапқан. Компанияға игерілмеген қаражат, сапасыз атқарылған жұмыс бойынша бірнеше міндет жүктелген. Сот шешімі шыққаннан кейін де осыған дейін сапасыз атқарылған жұмыстарын қайта жасау үшін құрылыс компаниясы уәдені үйіп-төккен. 2025 жылдың 20 тамызында жөндеу жұмысын толық аяқтаймыз деп келіскен. Бірақ уәде – Құдай аты сол күйі толық орындалмаған.

Қонаев қалалық білім бөлімінің мәлімдеуінше, мектептің «А» блогы пайдалануға дайын. «В» блогындағы кейбір кабинеттер де жасалып біткен. Бірақ үшінші қабаттағы жұмыстар аяқталмаған. Спорт залы мен деретханасында құрылыс жұмыстары сылбыр жүруде. Қазіргі таңда мектеп аумағында небәрі 37 құрылысшы еңбек етуде. Бүгінде жауапты білім бөлімі аталған мердігерге соталды талап-арыз жолдап қойған. Бірақ мектептің қазіргі жай-күйінен байқағанымыздай, нысан құрылысының толық аяқталуы үшін әлі біршама ұзақ уақыт қажет-ақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Қонаев қаласы

Есімі ел есінде



Қазақтың біртуар перзентін еске алу мақсатында Балқаш ауданының жұртшылығы Баканас ауылына кіреберісте орналасқан Д.Қонаев саябағының алдына жиналды. Аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілген іс-шараға аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Асқар Кәдірұлы бастаған мекеме-ұйым басшылары қатысты. Қайраткердің тұғырлы ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, әруағына тағзым етті. Осылайша Алаштың ардақтысы, өз дәуірінің кеменгері, дана халықтың дара перзентін еске алып, есімін ұлықтады.

Кие қонып, бақ дарыған қасиетті Балқаш тарихында Дінмұхамед Ахметұлының есімі алтын әріптермен жазылғаны ақиқат. Ол кісі көзі тірісінде еңбеккерлік пен адалдықтың символына айналып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін көрсетті. Оның ішінде, атамекені Балқаш өңірін дамытуға сіңірген еңбегі өлшеусіз.

Димекеннің елі үшін атқарған ерен еңбектерін бүгінгі жастарға насихаттап, келешек ұрпаққа жеткізу – бәріміздің ортақ парызымыз!

Бактығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ!

Қонаевтағы Балаларды қолдау орталығының кітапхана сөрелері тағы бір мәрте жаңа кітаптармен толықты. Бұл жай ғана сыйлық емес, жас жүрекке үміт отын жаққан, болашаққа жол көрсеткен шырақ тәрізді. Орталықпен тығыз байланыс орнатқан облыстық қоғамдық кеңес мүшелері бұл жолы да балалардың сұранысына құлақ асып, олардың қиялын баурайтын, жүрегің нарлендіретін рухани қазынасын алып келді.

Жас жүрекке жол тапқан



Суреттерді түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

Құралбек СӘБИТОВ

Кітаптардың қатарында Абайдың қара сөздері мен Мұқағалидың мөлдір жырлары, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» атты таңдамалысы бар. Балалардың біріне грек мифологиясындағы Геракл тағдырын ұсынса, екіншісіне Гарри Поттердің сегіз томдығы берілді. Әрбір кітап – балаға ашылған жаңа әлем, таным көкжиегін кеңейтер айна.

Бұл кездесудің тағы бір ерекше сәті – балалардың өз оқығанын ортаға алып, тәтті әсерлерімен бөлісуі болды. Николай есімді жасөспірім «Менің атым Қожа» шығармасының оқиғасын қысқаша баяндап берді. Оның әр сөзіне кітаптан алған қуаныш пен толқыныс сипіп тұрғандай. Бұл – жас жүректің әдебиетке бет бұрғанының, рухани байып келе жатқанының айқын көрінісі.

Қонактарға балалардың ықыласы да ерекше болды. Олар өз қолымен салған картинаны сыйлап, оны орталық кітапханасының төріне іліп қойды. Көрген жанға бұл сурет – достықтың, мейірімнің, бірлік пен ынтымақтың айғағындай әсер қалдырады.

Облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Қазыбек Дәуіталиев:

– Балалар – қоғамның ажырамас бөлшегі. Оларды бөлек ұстау емес, қайта үлкен өмірге араластырып, арманын қолдау – біздің парызымыз. Келесі жолы олардың болашақ мамандығына сай кітаптар сыйлауды ойластырып отырмыз. Бірі полиция, бірі спортшы, бірі аспаз болуды қалайды. Әрқайсысына өзіне лайық кітап табылып, қиялына қанат бітсе дейміз, – деді.

Кеш соңында караокеден ән шыркалып, достық отырысы қызықты ойындармен жалғасты. Ән айтқан сәттегі әр баланың шат күлкісі шараның ең үлкен жемісін сездірді.

Қоғамдық кеңес мүшелері бұған дейін де балаларға алпысқа жуық кітап сыйлаған еді. Сол кезде балдырғандардың жазып берген тілектері бұл жолғы таңдаулардың бастауына айналды. Ал бүгінгі сәт олардың өсіп, ойларының да биіктей түскенін аңғартты.

Қонаев қаласы



Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев мектептегі жағдайды көріп, мәселенің мән-жайын білу үшін нысан басына келіп, мердігерлермен тілдесті. «Оқу жылының басталуына жыл емес, ай емес, санаулы күндер қалды. Біз оқушыларды қыркүйекте

жөндеуі толық бітпеген мектепке кіргізе алмаймыз. Сондықтан, жауапты құрылыс өкілдері жұмысты қысқа мерзімде аяқтауы тиіс. Ол үшін құрылыс қарқынын үдетіп, жұмысшылардың санын арттыру керек», – деді Марат Елеусізұлы.



2025 – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

Салқын самал сыйлаған

Аптап ыстықта кондиционердің қадірін жақсы түсінетін болдық. Бірақ сол салқын ауаға кімнің тері сіңіп, қанша еңбек жұмсалғанын көпшілік біле бермейді. Біз бүгін осы салада тынымсыз еңбек етіп келе жатқан білікті маман, бес баланың әкесі Мақсат Сауытжанұлының кәсіби жолымен таныстық.

сұраныс жоғары. Себебі олар дыбыссыз жұмыс істейді, энергияны үнемдейді және пәтердің интерьеріне үйлеседі. Бірақ өкінішке қарай, тұтынушылар кейде сыртқы сипаттамасы мен шынайы салқындату көлемі сәйкес келмейтін арзан кондиционерге қызығып жатады», – дейді Мақсат.

Кей жағдайда адамдар үй көлеміне сәйкес келмейтін кішігірім құрылғыны тандайды. Мұндайда мамандар бөлме 25 шаршы метр болса, кемі 35 шаршы метрге арналған кондиционерді алуға кеңес береді. Себебі қуат жеткіліксіз болса, құрылғы ұзаққа бармайды. Жиі кездесетін ақаулардың бірі – құрылғыны тәжірибесіз адам орнатып, фреонның сыртқа шығып кетуі. «Осындай жағдайда клиенттер бізді қайта шақырып, қосымша шығынға батады. Сол себепті кәсіби маманға жүгінген дұрыс», – дейді ол.

Мақсаттың айтуынша, кондиционер орнатудағы ең қиын жұмыс – темірбетон қабырғаларды бұрғылау, көп қабатты үйлердің сыртына монтаж жасау. – Ондай кезде қауіпсіздік белбеуін

жеткізу қиынға соғады әрі баға да қымбаттай түсетіні анық. Сондықтан Мақсат суыту құрылғысын күз, қыс немесе көктем айларында орнатқан әлдеқайда тиімді әрі ыңғайлы екенін айтады. Бұл – уақытты да, қаражатты да үнемдейді.

– Пәтерге жөндеу жұмыстары жүріп жатқанда кондиционерді сантехника мен электр жүйесінен бұрын орнату қажет. Себебі қабырға ішінен жасырылған құбырлармен орнатылған құрылғы – эстетикалық әрі техникалық тұрғыдан ең дұрысы. Бұл жөнінде кейін өкініп жататын клиенттер көп, – дейді маман.

Әңгіме барысында Мақсат кондиционер орнатумен іс бітпейтінін, оны жүйелі түрде тазалап, уақытылы тексерістен өткізу қажеттігін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, бұл – құрылғының ұзақ әрі сапалы жұмыс істеуіне ықпал ететін маңызды қадам. Жылына кем дегенде бір рет, әсіресе дүкенде, кеңседе, сауда орындарында сервистік қызмет көрсетілуі керек. Өйткені мұндай нысандарда шаң-тозаң көп жиналатынын, ал тазаланбаған құрылғының дұрыс жұмыс істемей, артық қуат жұмсап, тіпті кепілдік мерзіміне жетпей істен шығуы мүмкін екенін ескертеді.

Мақсат өз жұмысын әрқашан мақтан тұтады. Оның орнатқан кондиционерлері мыңдаған адамның үйіне салқындық сыйлап тұр. – Бірде ұлым менен Месси мен Роналду қанша гол салғанын сұрады. Мен: «Олардың голын білмеймін, бірақ осы уақыт ішінде 2-3 мың кондиционер орнаттым. Әрқайсысы халық игілігіне жарап, ақысын да, алғысын да алып жатырмын» деп әзіл-шыны аралас жауап бердім, – дейді ол.

Қазіргі таңда Мақсат білгенін жастарға үйретіп жүр. Олар да осы кәсіп арқылы өз отбасыларын асырап, тіршіліктерін дөңгелетіп отыр. Бірі монтаж жасаса, енді бірі сервистік қызмет көрсетуге маманданған. Бұл – тек кәсіп қана емес, өмір сүру салтына айналған мамандық. Алдағы уақытта ол осы салада кәсіби мамандар даярлайтын орталық ашып, үлкен істі жүйелі түрде дамытқысы келеді.

Мақсат секілді мамандардың күнделікті еңбегі арқасында үйлеріміз салқын, кеңселеріміз жайлы, сауда орындары ыңғайлы. Өз ісіне берілген оқындары шеберлер көп болса, еңбек қанды түсінігін қоғамға айналдырып сөзсіз.

Іле ауданы

тағамыз, қажет болса альпинист қызметін шақырамыз. Токпен және биіктікте жұмыс істеу – аса мақияттылықты қажет етеді, – дейді маман.

Жаз маусымында кондиционерге сұраныс күрт артып, шеберлерге қол

● Бағдат ШОЙБАС

Мақсат 2011 жылы базалық стансаларға кондиционер орнатумен айналысатын TSA компаниясына жұмысқа тұрады. Сол жерде Шыңғыс есімді әріптесінен кондиционермен қалай жұмыс істеу керектігін үйренеді. Бастапқыда барлығы оңай болмаған. Бірақ ол еңбектенді, ізденді, шыңдалды. Соның арқасында білікті маманға айналды.



Бес жылын осы компанияда өткізіп, шеберлігін шыңдаған соң өз алдына жеке жұмыс істеуге бел буады. Қазір ол Samsung, LG, Almacom, Midea, Gree, Ballu секілді сапалы әрі қолжетімді брендтермен жұмыс істейді. «Бүгінгі таңда инверторлы модельдерге



ТОЛҒАҚТЫ ТАҚЫРЫП

ЖИЫН

БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ: адал азамат – кәсіби маман

Қонаев қаласына облыс орталығы мәртебесі берілгені мұндағы тұрғын үйді жалға алу ақысы үздіксіз өсіп келеді. Көші-қонның белең алуымен тұрғын үй жалдауға деген сұраныс барған сайын арта түскен. Үш жыл бұрын оңаша шаңырақ көтерген облыс орталығына жергілікті атқарушы органдардың 28 департаменті мен 23 ведомстволық бағынысты мекемесі қоныс аударды. Осылай 50 мың тұрғыны бар шағын шаһардың халқы қазір 70 мыңға жетіп жығылды.

ҚОНАЕВ – ҚЫМБАТ ҚАЛА

● Ерзат АСЫЛ



Облыстық білім басқармасы педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тиімді тәжірибелер алмасу және жаңа оқу жылының басым бағыттарын айқындау мақсатында Қарасай ауданындағы Қаскелең, Қошмамбет мектептері мен Шамалған ауылындағы көпсалалы колледжде «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман» тақырыбында панельдік сессия отырысын өткізді.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Пәндік, денгейлік және басқарушылық бағыттар бойынша құрылған 41 сессия алаңында 1611 педагог оқу бағдарламаларының жаңашылдығын, цифрлық технологиялардың, бағалау жүйесінің ерекшеліктерін және функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмаларды талқылап, оқу үрдісін жақсарту мақсатында ұсыныстар қабылдады.

Әдістемелік орталық қызметкерлері, «Өрлеу» кәсіби даму институтының жаттықтырушылары, мектеп, колледж директорлары мен орынбасарлары, балабақша меңгерушілері қатысқан жиын өз жұмысын Қаскелеңдегі мектеп дәлізінде ұйымдастырылған көрмеден бастады. Мұнда барлық аудандар мен қаладағы әдістемелік бөлім басшыларының атқарып жатқан жұмыстары, қол жеткен жетістіктері мен озық тәжірибесі көрініс тапты. Атап айтар болсақ, алқалы жиынға келгендер мектептердегі сандық технология, робототехника, колөнер бағытындағы жұмыстармен жан-жақты танысты. Көрмеге білім беру мекемелеріне инновациялық шешім әзірлеп, енгізумен айналысатын «Stem Solutions» компаниясының мамандары да қатысты.

– Ең алдымен барша ұстаздарды 2025-2026 жылғы оқу жылының басталуымен құттықтағым келеді! – деді облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ақмарал Бақытқызы. – Бүгінгі таңда облыста 437 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді, жаңа оқу жылын 362

мыңнан астам оқушымен бастағалы отырмыз. Оларға 35 мыңнан астам ұстаз білім мен тәрбие беретін болады.

«Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман» тақырыбында білім саласы қызметкерлерінің панельдік сессиясына 1700-ге жуық педагог қатысып отыр. Мұнда аудандық, қалалық білім бөлімінің, әдістемелік орталықтардың басшылары, олардың оқу және тәрбие жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар мен пән мұғалімдері жаңа оқу жылын тың серпінімен, шығармашылық ізденістермен бастау үшін тәжірибе алмасатын болады. Мектепке қатысты барлық нормативтік актілер талқыланып, қолданысқа енгізіледі. Халықаралық, республикалық жарыстарда топ жарған шебер ұстаздар да өз білім-білігін бөлісетін болады.

Ақмарал Бақытқызының айтуынша, биыл облыс бойынша 35500 оқушы алғаш рет мектеп табалдырығын аттайды. Сонымен қатар «Келешек мектептері» жобасы аясында аймақта 26 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Осы бағытта бытыр 9 мектеп пайдалануға берілсе, биылғы оқу жылында 17 мектеп оқушыларға есігін айқара ашады. Жалпы облыста 362 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр десек, 2024-2025 оқу жылын 17790 оқушы аяқтаған. 1400 оқушы «Алтын белгі» иегері атанып, 7500 мыңнан астамы мемлекеттік грантты жеңіп алған. Олардың ішінде талғарлық бір түлек ең жоғарғы 140 балл жинағанын жұртшылық жақсы біледі.

1-ден 24-сессияға дейінгі отырыстар Қаскелеңдегі жайлы мектепте

өтті. Іле ауданы №51 орта мектебінің мұғалімі Айшолпан Адаева «Білімдегі жаһандық құндылықтар: мектеп тәжірибесі мен қазіргі тәсілдер» тақырыбында баяндама жасады. Еңбекшіқазақ ауданы О.Жандосов атындағы мектеп директоры Айжан Жәмешева «Жаһандық құзыреттерді оқытудың ерекшеліктері» тақырыбын ашып көрсетті. Ал Қонаев қаласы Ш.Уәлиханов атындағы №2 мектептің мұғалімі Ольга Затеева «Жаһандық құзыреттілік қалыптастырудағы білімнің рөлі» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді.

Басқа панельдік сессияларда инклюзивті білім беру мен ерекше балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мәселелері қаралды. Бұл бағытта дефектологтар, логопедтер мен психологтардың рөлі ерекше атап өтілді. Сонымен қатар «Ауыл мектебі – сапа алаңы» және «943 елдің мақсатты мектептері» жобаларын іске асыру ерекшеліктері, арнайы білім беру ұйымдарының жұмысы және басқа да тақырыптар талқыланды.

Шамалған ауылындағы көпсалалы колледжде 25-тен 30-сессияға дейінгі панельдік отырыстар өтті. Облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Кенжегүл Дүйсентаеваның айтуынша, бұл колледж кездейсоқ таңдалмаған. Мұнда жұмысшы мамандарды дайындауға арналған зертханалар мен шеберханалар, сонымен қатар Satbayev University және жұмыс беруші компаниялармен серіктестік жақсы жолға қойылған.

Сессияға қатысушылар оқу шеберханалары мен зертханалардың жағдайымен де танысты. Олар жайлы арнайы пәндер оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Жанат Қуатбеков айтты берді.

Қошмамбет ауылындағы жайлы мектепте өткен сессияларда дене шынықтыру, спорт және туризм, бастапқы әскери дайындық, технология пәні және басқа да тақырыптар қарастырылды. Бірнеше сессия қосымша білім беру мәселелеріне арналды. Сондай-ақ білім беру саласындағы ғылыми-тәжірибелік ақпараттық технологиялар орталығының жұмыс тәжірибесі зерделеніп, «STEM және кәсіби бағдар: болашақ мамандарды бастапқы даярлау», «Мектептен стартапқа дейін: STEM мен жасанды интеллектке негізделген білім беру моделі», «AR/VR технологияларын және геймификацияны информатика сабақтарында қолдану» тақырыптары кеңінен талқыланды.

Қарасай ауданы



Мақсат айқын, міндет зор



Бүгінгі таңда «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын іске асыру жұмыстары қарқын алып келеді. Дегенмен, айрықша назар аударуды қажет ететін мәселелер де бар. Осыған орай «AMANAT» партиясының облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Лаззат Тұрлашов іссапармен Кеген ауданында болды.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Аудан бойынша төрт нысанның, атап айтқанда, екі автокөлікке арналған өрт сөндіру депосының, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған 72 тұрғын үй құрылысы, Қарқара орта мектебін күрделі жөндеу және республикалық маңызы бар «Көкпек – Кеген – Түп» автомобиль жолының орташа жөндеу жұмыстарымен танысты. Айтпа кету керек, аталған нысандарға бекітілген депутаттар тарапынан құрылыс сапасының уақыттылы аяқталуына тұрақты бақылау жүргізілуде.

Бұдан кейін аудандық әкімдіктің үлкен залында Лаззат Тұрлашовтың қатысуымен жиын өтті. Жиынды «AMANAT» партиясы Кеген аудандық филиалының төрағасы Олжас Такабаев ашып, жүргізіп отырды. Жол картасының орындалуы және биылғы 7 ай ішінде ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаевтың есепті баяндамасы тыңдалды.

– Ауданда инфрақұрылымды дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, ауыл шаруашылығын қолдау, білім беру мен денсаулық сақтау сапасын арттыру бағытында нақты жобалар жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар аудан тұрғындарының тұрмыс деңгейін жақсартуға және өңірдің тұрақты дамуына үлес қосады. Жол картасы – халық сенімін ақтауға, әділ қоғам құруға және еліміздің болашағын жарқын етуге бағытталған ортақ міндеттердің жиынтығы, – дей келе, аудан әкімі әр салада атқарылып жатқан жұмыстарға жан-жақты тоқталды.

Келесі сөз кезегін алған Лаззат Махатұлы:

Кеген ауданы



Коллажды жасаған – Әліби ИЗЕКЕНОВ

Қаланың қай түкпіріне барсаңыз да, салынып жатқан әлеуметтік нысандар мен көпқабатты тұрғын үйді көзіңіз шалады. Барып та жүрміз, жазып та жүрміз. Жолы болып, кезегі келгендер үй алып жатыр. Қоныстойын тойлап, «Өз үйім, қайран, боз үйім» деп Жиренше секілді лашығын хан сарайына балап, бақытты күй кешіп жүргендер де бар. Қалалық тұрғын үй инспекциясының мәліметінше, жыл басынан бері облыс орталығында 14,213 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Әйткенмен бұл жұмыс тұрғын үй кезегінде тұрғандардың санын азайтуға, анау айтқандай, үлес қоса алмай тұр. Осы күні арнаулы 5 санат бойынша барлығы 4 мыңға жуық отбасы кезекте тұр. Олардың қатарында жеке-дара төлеуге шамасы келмегендіктен, бірнешеуі қосылып пәтер жалдайтын жастар да көп. «Қазаншының еркіне» салып, көп жағдайда келісімшарт жасамайтын, жалдау бағасын көтеріп, коммуналдық қызмет үшін қосымша ақша талап ететін, әдептен жүрді қожайынға тап болған азаматтар кейде қорғансыз қалады. Әсіресе, көпбалалы отбасылар жалдамалы баспана табуда көптеген кедергілерге тап болады. Парасат Бекеұлы мен жары Нағима екеуі 7 жылдан бері пәтер жалдап тұрады. Құдай берген төрт баласы бар. Пәтер іздегенде, оның алдынан «Неше балаң бар?» деген сұрақ жиі қойылады. «Пәтер жалдағанның қиындығы көп. Қашан келіп, босат деп бұйрық береді деп алаңдап жүресің. Өз үйің болмаған соң, жалтақтаумен күн кешесің. Балаларың үйді тоздырады, қиратады деп қашады. Пәтерден-пәтерге ауысып жүргенде, балаларыңның мектебін де жақын аймаққа ауыстырасың. Олардың да үйреніп қалған ұстаздары мен достарынан ажырауы қиын. Өз үйің болғанға не жетсін?! Қазір «Отбасы банкіне» қаражат құйып жатырмыз. Жакын арада үй бұйырып қалар. Әйтеуір, қолдан келсе, әрекет етіп, алғмыз келеді. Пәтер жалдап тұру кімге ұнайды дейсіз?! Жұмыстан шығып қалмасам екен, пәтеракыны кешіктірмеуім керек деп, үнемі сары уайымға салынып жүресің», – дейді көпбалалы отағасы.

Аталған түйткілдерге байланысты тұрғын үйді жалға беру қадағаланбайтынын, меншік иелері басқа ұқсас жарнамалармен салыстыра отырып, бағаны өз бетінше белгілейтінін назарға алған Мәжіліс депутаттары былтыр пәтерлерді жалға алудың шекті бағасын анықтауды ұсынған болатын. Бастама негізінде «Respublica» партиясының мүшелері барлық жалға берілетін пәтерлерді жайлылық деңгейіне қарай жіктеу, сондай-ақ жалға берушілердің бірінші тізілімін құру мен жалдау шартының үлгілік жобасын бекіту қажеттігін алға тартқан еді. Алайда нарықтық экономика заңдарына қайшы келді ме, әлде азаматтардың міндеттемелері нақтыланбады ма, әйтеуір халық қалаулыларының баспана сатып алуға мүмкіндігі жоқ азаматтарды қорғауға бағытталған бастамасы аяқсыз қалды. Шындығы сол, нақты бір реттеуші тетік болмағандықтан да атқарушы органдар аспандаған ақбаға тоқтау сала алмай отырған көрінеді. Біз тілдескен Қонаев қаласының әкімдігіндегі мамандар шарықтаған пәтеракысын бір арнаға сүртуге қолдан келер қайран жоқ деп отыр.

Сарапшылардың пікірінше, тұрақты мүлкті жалға беру құнын реттеудің өзіндік қиындығы бар. Әсіресе, баспананы сату мен жалға беруге мемлекеттік шектеу қою – көлеңкелі экономиканың өсуі мен бюджет түсімдерінің азаюына жол ашпақ. Өз кезегінде барлық тауарлар мен қызметтердің құнына әсер ететін инфляция да жалға алушыға салмақ түсіреді. Бірақ қанша жерден қымбат, тапшы болса да жұрттың бас ауруына айналған баспана – бәрібір басты қажеттілік болып қала бермек.

Жалдамалы пәтер жанға сая болмасы анық. Әлбетте, құрқытайдың ұсындай болса да, өз үйіңе жетпес. Қай күні кім келіп қуып шығады деген қорқыныштың өзі жүрекке салмақ емес пе?! «Бәріне уақыт емші» демекші, қарашаның қалтасын қаққан жалдамалы баспананың жағдайы оңалар деген ойдамыз.

Қонаев қаласы



Бетті дайындаған – Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

Ж
А
С
Қ
А
Ғ
А
М

Жастар беті №5

Асқан төзімділік пен қайсар рухты талап ететін құсбегілік өнер арқылы халқымыздың көшпелі мәдениетін әлемге әйгілеген қазақтың қайсар қыздарының бірі – Айшолпан Нұрғалиқызы.

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА —

Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында туып-өскен Айшолпан әжесі бала күнінен құсбегілікке баулып өсірген. Небәрі 13 жасында алғаш рет сыңға түсіп, әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған 79 саятшының арасында жалғыз нәзік жанды болып қатысып, жеңіске жеткен. Аққанат құсы 5 секундта қолына қонып, 6 секундта шырағға түскен. Осылайша әлемдік көрсеткішті жаңартып, «Гиннестің рекордтар кітабына» енген. Әлі күнге дейін бұл үздік нәтижені ешкім жаңарта алған жоқ. Ол туралы режиссер Отто Белл «The Eagle Huntress» атты фильм түсіріп, ол әлемнің 30 мемлекетінде көрсетілген. Кинофильм Дубай мен Доха қалаларында үздік фильм атанып, арнайы сыйлықтарға ие болған. «Оскар» жүлдесіне де ұсынылған. Осыдан кейін әлемге аты танылған Айшолпанды көруге дүниенің төрт бұрышынан туристер ағыла бастаған. Америкалық жазушы Лиуза Уэлш оның тағдырын кітабына арқау етіп, тұсаукесері Лос-Анджелес қаласында өткізілген. Әлемді аузына қаратып, атағы аспандап тұрған құсбегі қызды сұхбатқа тартып, әңгіме өрбіткенде, оның қарапайымдылығы мен шынайылығын жоғалтпаған көркем болмысын байқадық.

– Мен ата-апамның қолында қазақы тәрбиені сіңіріп, бойжеттім. Қарапайым ауыл тұрмысын көріп өскендіктен, ұлттық болмыстың қадір-қасиетін ерте ұғындым. Әркімге туған жері ыстық қой. Салт-дәстүрді берік ұстанған, жылы жүзді, кең пейілді ортада осу мен үшін үлкен бақыт болды. Бірақ Қазақстанға келу үлкен армандарымның бірі еді. Алғаш келгенде, көзіме еріксіз жас келді, жүрегімдегі қуаныш сезімін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Мұнда көшуіме көмектескен Ғабит Бөкенбай ағама, білім грантын ұсынған «Білім» инновация қорына шексіз ризашылығымды айтамын, – дейді Айшолпан. Ол Аққанат бүркітін 18 метр биіктіктегі ұядан алып, кішкентай кезінен өзі үйреткен. Құсбегі қыз саятшылықтың біз білмейтін қызықтарымен де бөлісті.

– Бүркітшілік жай ғана аңшылық емес, бұл – терең тарихы, рухани мәні бар ұлттық өнер. Бүркіт



БҮРКІТШІ ҚЫЗ

– ерекше қасиетті, күнге қарсы ұша алатын жалғыз құс. Біз тек ұрғашы бүркітті қолға үйретеміз. Ол қасқыр, түлкі, қоян сияқты ірі аңдарды алады. Ал еркек бүркіт көлемі жағынан кіші әрі әлсіздеу болады, ол көбіне қоян мен түлкіге ғана түседі. Құсбегі болу үшін адамда шыдамдылық, батылдық пен күш болуы керек. Бүркітке жай ғана аң алатын құс деп емес, сырлас досың ретінде қарау қажет. Ол сөйлесемесе де, адамның көңіл-күйін сезіп, түсіне алады. Бүркіт 5-6-ға келгенде, яғни ана жасына жеткенде, оны табиғатқа жіберу керек. Себебі бұл жаста ол мазасызданып, әртүрлі дыбыстар шығара бастайды, қолда отыруға көнбей қалады. Сол себепті оны еркіндікке жібереміз, осылайша балапан алуға да мүмкіндік туады. Бүгінде бүркітті табыс көзіне айналдырып, той-томалақ пен демалыс аймақтарында суретке түсетін ойыншық құсқа айналдырып жіберген. Осы арқылы бүркіттің қадірін кетіріп, құнын түсіріп жатыр. Құсбегілікпен өзінің табиғи, тарихи жолы мен қазынан аттамай айналысу керек, – дейді құсбегі қызы.

Айшолпан Нұрғалиқызының жетістігінен кейін бүркітшілікпен қыздар да көбірек айналыса бастаған. Олардың кейбіріне өзі тәлім беріп, шәкірттер тәрбиелеген.

Кейіпкеріміз облыстағы Сүлеймен Демирел атындағы университетте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандығы бойынша білім алып, дипломын

қолына алған. «Студенттік өмір – адам жанына мәңгілік жылы естеліктер қалдыратын ең ғажап кезең. Мен оны СДУ-да өткізгеніме қуаныштымын. Бұл – мен үшін еліміздегі ең үздік жоғары оқу орындарының бірі. Төрт жыл бойы сапалы біліммен сусындап, өзімді жан-жақты дамытуға мүмкіндік алдым. Осы жылдарда өмірлік достар тауып, мамандығымның қыр-сырына қанықтым. Бұл мамандықты таңдағаным бекер емес. Өйткені мен ана тілімнің шексіз байлығына, әдебиетіміздің терең мазмұн-мәніне бала кезімнен ғашық болдым. Қазақ тілі – ұлттық рухымыздың тірегі, ал әдебиет – ұлттың жүрегі мен жаны. Осы құндылықтарды келер ұрпаққа жеткізу, тілді құрметтеуге үйрету – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі абырой», – дейді Айшолпан.

Қазіргі таңда ол Өскемен қаласында құсбегілерге арналған мектеп ашуды қолға алған. Осы арқылы қазақтың ұлттық спорты, соның ішінде құсбегілік өнерін жас ұрпаққа үйретіп, дәріптемек. Айшолпанның Моңғолияда жеке туристік компаниясы да бар. Онда барған жандар көшпелілер өмірімен, қазақтың бай салт-дәстүрімен танысып, ерекше әсерге бөленеді.

Қазақ халқының ұлттық өнерін төрткүл дүниеге паш еткен бүркітші қыз: «Халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін әлемге танытып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу – менің басты мақсатым», – деп сөзін түйіндеді.

СЫНАҚТАН СҮРІНСЕҢ ДЕ...

Жыл сайын қоғамда түлектердің мектеп бітіріп, Ұлттық біріншілік тестілеу тапсыратын кезінде әлеуметтік желі мен БАҚ-та осы тақырып жайлы гу-гу әңгіме жүреді де жатады. Талапкерлер ата-анамның үмітін ақтамаса, грант иегері атансам деген ниетпен күні-түні ойыналады. Мектеп ҰБТ-ға жауапты болмағандың кейін барлық түлек сынаққа дайындайтын оқу орталықтарында білім алады. Оның бағасы да қалтаға біраз жүк салады.

Соңғы жылдары әлеуметтік желінің ықпалы артып, кез келген адам өз ойын, көзқарасын ашық білдіре алатын алаңға айналған. Грант иегерлерінің аты жарияланғанда, әсіресе «Tik-Tok» желісінде ұзын-сонар тізімнен менің де атым шығып қалар ма екен деп, үміт пен үрей арасында күй кешкен түлектер мен ата-аналардың бейнежазбалары кең таралды. Бірі қуанышы қойнына сыймай, көңілі тасыса, енді бірі жылдар бойғы еңбегінің ақталмағанына кейіп, көз жасына ерік беріп, күйзеліске түсіп жатты. Қоғамда оның маңызының артқаны сондай, мұны өміріндегі ең шешуші кезең, одан әрі жол жоқтай, өмір

осымен біткендей күйге еніп, өзіне қол салған жайларды да естіп жатамыз. Бұған кім кінәлі?

Әуелі ҰБТ-ның жалпы жүйесіне тоқталайық. Онда барлығы – 120 тапсырма, максималды ұпай – 140. Қазақстан тарихынан 20, оқу сауаттылығынан 10, математикалық сауаттылықтан 10 және екі бейінді пәннен 40 сұрақтан енгізілген. Былғы оқу жылында 216 мың түлек мектеп бітірсе, соның 113 мыңы мемлекеттік білім беру грантына өтініш берген. Ал бөлінген грант саны – 77 мыңға жуық. Жылдағы дәстүр бойынша техникалық мамандықтарға грант саны әлдеқайда көп бөлінді. Мысалы, инженерлік, өңдеу және

құрылыс саласына – 18 946 грант, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағытында – 11 585 грант, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика саласына – 9 188 грант бөлінсе, өнер және гуманитарлық ғылымдардағы грант саны 2000-ға да жетпейді. Осыдан келіп, 110-120-дан жоғары балл жинаған талапкерлер оқуға түсе алмай, ал небәрі 50 балмен грант иегері атанып жатқандар көп. Осыған байланысты кей түлектер жан қалауынан бас тартып, «Әйтеуір грантта оқысам болды» деп, техникалық оқу орындарына тапсыра салады. Күйзеліс, өкініш, депрессияның бәрі осы шырмауы көп мәселені туындайды. Әрине, мемлекет талапкердің оқу ақысын төлеп бергеннен кейін елде жетіспей жатқан мамандықтарға грант санын көп бөлетіні белгілі. Бірақ бұл мәселені толық шешуге мүмкіндік беруде деп тағы да айта алмайсыз. Техникалық саладағы гранттың көптігі кәсіби маманның санын арттырып жатқан жоқ. Жалындап жататын уақытында төрт жылын зая кетіріп, мамандығын түсінбейтін,

сүймейтін, өзін жоғалтқан жандардың үлесін арттыруда.

Кей адамдар «Оқып, дайындалу керек еді. Өзі кінәлі» дейтін шығар. Бірақ жоғары балмен де оқуға түсе алмағандарды не деп кінәлайсыз? Ал ҰБТ-ның өзі талапкер білімін анықтауға толық мүмкіндік бере ме? Тест форматы терең ойлауға емес, еске сақтап, тез жауап беруге бейімделген. Бұл шығармашылық қабілеті бар, бірақ тест форматында өзін көрсете алмайтын жастар үшін әділетсіздік емес пе? ҰБТ – білімді тексерудің бір құралы ғана. Ол баланың толық потенциалын анықтауға жеткіліксіз. Осы жайттардың бәрі балаға терең түсіндіріліп, жақындары психологиялық, рухани қолдау көрсетсе, жаңа өмірге қадам басқан талапкердің сағы бұлай сынбас еді.

Өмірде әр адамның өз жолы, бойына дарып, болмысына біткен қабілеті бар. Соған сай мамандық таңдағаны жөн. Ешқандай кедергіге қарамай, өз арманына адал болу, биік мақсатқа ұмтылу түбі үлкен белеске жеткізеді. Шексіз мүмкіндіктер әлемінде өмірді ҰБТ-мен шектемейік!

Гүлзат АЗАТҚЫЗЫ

ТЫНЫШТЫҚТЫ КҮЗЕТКЕН

Бірақ бала арманының жетегіне бірден еріп кете алмай, «құқықтану» мамандығы бойынша білім алады. 2017-2018 жылдары Зайсан қаласына көкейінде сақталған арманын орындау үшін әскерге аттанады. Борышын өтеген соң әскер қатарында қалуды таңдайды. Бүгінде ол – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысына қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы байланысты қамтамасыз ету тобының аға офицері. Қызметтік міндетін өтей жүріп, «радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығын, сондай-ақ «септеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша магистратураны тәмамдап үлгерген. Алған білімі әскери қызметінде көмегін тигізуде. Өз ісіне шынайы берілген офицер шекараны зансыз кесіп өтпек болған адамның әрекетіне тосқауыл қойып, шеберлік танытқан. Бұл оқиға жайлы ол былай дейді:

– Осы жылдың шілде айында 33/16 бақылау учаскесінде қатардағы Мейраммен бірге шекара сақшысы қызметін атқардым. Таңғы сағат 8:00-ге қарай қызметтен қайтып келе жатқан сәтте шекара қоршауының бүлінгенін байқадым. Қатардағы Тұрғанов пен Ташкенайға күзетті күшейтуді тапсырып, бұзылған қоршауды қалпына келтіруге жібердім. Айналы барлап, бақылау жүргізгенде, жолда атпен келе жатқан адамды көрдік. Ол азамат шекаралық аймаққа атпен кіріп, қоршауға жақын жүрген. Біз артынан байқатпай ілестік. Біраздан соң алдынан мен жіберген жұмыс тобы шығып, аталған тұлғаны екі жақтан қоршап, оны ұстады. Тексеру барысында оның көршілес мемлекеттің азаматы екені анықталды. Бірлескен әрекет нәтижесінде мемлекеттік шекараны зансыз кесіп өтуге әрекет жасаған шекара бұзушы ұсталды. Оқиға жөнінде басшылыққа спутниктік телефон арқылы дереу баяндадым, – дейді ол.

Ақжол Бікен шекарадағы қауіпсіздікті нығайту үшін заманауи бақылау құралдарын көбейтіп, жеке құрамның техникалық-тактикалық даярлығын жүйелі түрде жетілдіру керекін, сондай-ақ шекаралық инфрақұрылымды жаңғыртса деген ұсынысын айтты.

– Тәртіп, жауапкершілік, жылдам шешім қабылдау, топпен үйлесімді әрекет ету – біздің қызметтің негізгі талаптары. Сонымен қатар физикалық, психологиялық төзімділік те аса маңызды. Алдағы уақытқа кәсіби біліктілігімізді арттырып, жас сарабзаларға тәлімгерлік ету – басты мақсаттарымыздың бірі, – деп сөзін түйіндеді кейіпкеріміз.

Акерке КӨКЕНҚЫЗЫ

Былғы жазғы демалыс айларында мыңдаған қазақстандық оқушы сауықтыру лагерлерінде демалды. Онда білім беру, экологиялық, шығармашылық, спорттық, көшбасшылық бағдарламалар әзірленген. Әртүрлі танымдық тәжірибе берілді. Сол арқылы балалар бойындағы қарым-қабілетін одан сайын дамытып, жаңа оқу жылына қуш-қуат жинап қайтқаны анық.

● Ерзат АСЫЛ —

Ата-аналар баласының жазғы уақыты тиімді әрі естен кетпестей қызық өткенін қалайды. Бұл үшін лагерь – таптырмайтын жер. Талғар ауданындағы «BALALAND» лагері он жылдан бері оқушыларға есігін айқара ашып келеді. Аталған демалыс орны «Іле-Алатау» ұлттық паркінің баурайында, теңіз деңгейінен 2 200 метр биіктікте орналасқан. Мұнда мектеп оқушылары тау басындағы экоүйлерде тұрып, көркем табиғаттан бойларына қуат алып қайтады. Онда жыл сайын 6 жасдан 16 жасқа дейінгі балалар қабылданады.

Балақайларға жақсы орта, жайдары көңіл-күй сыйлай білген

«BALALAND» – үлкен отбасы



Аида Әлдиқасымова лагерьдегі жұмысын 2010 жылы кіші отряд тәлімгері болудан бастапты. «Сол бір жазда мен өзіме алғаш рет балалармен бірге шаттыққа толы, шабыт сыйлайтын ерекше әлемді аштым. Бұл жұмыс менің өмірімнің бір бөлігіне айналды. Кейін түрлі шығармашылық және спорттық бағыттарда жұмыс істедім, одан кейін аға тәлімгер атандым. 2013 жылы директордың орынбасары болып қызмет атқардым. Ал 2014 жылы көптен бергі арманымыз жүзеге асырып, өзіміздің авторлық

бағдарламасы бар «BALALAND» лагерін аштым. Негізінде менің мамандығым – қаржыгер. 2012 жылы университетті бітіріп, қаржы саласы бойынша бакалавр дәрежесін алғанмын. Бірақ жүрегім балалармен жұмыс істеуге, оларға жаңа әлем ашуға, өмірге шабыт беруге жетеледі. Сол себепті мен өз жүрегім қалаған жолды таңдадым. Өйткені адам өзіне ұнайтын, жандуниесіне жақын іспен айналысқанда ғана шын мәнінде бақытты және табысты бола алады», – дейді Аида Абзалқызы.

Лагерьлердің тек жазғы демалыс орны емес, ойын мен дамуды үйлестіретін, әр бала өзін таба алатын кеңістік екені анық. Сондықтан да оған атбасын бұрғандардың әр күні жаңа тәжірибе мен эмоцияға толы болатыны шүбәсіз. Аида Абзалқызының айтуынша, «BALALAND» лагеріне қатысушылар STEM мен робототехникаға ден қойып, сахналық мәдениет және командамен жұмыс дағдысын үйрене алады. Композиция және шығармашылық түсірілім, сауда және маркетинг негіздерін білуге мүмкіндіктер беріледі. Сонымен қоса жеткіншектерге сәндік бұйымдар жасау, табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдыларын жетілдіру және спортпен айналысуға жағдай жасалады. Онда әр жазда шамамен 900 бала демалысын қызықты өткізе алады. Аталған демалыс орнына көршілес елдерден келетіндер де бар екен. Лагерь жетекшісінің сөзінше, «BALALAND», бұл – үлкен отбасы. Мұнда әр бала ерекше, әр баланың арманы маңызды, ал әр күн олардың күлкісімен, қуанышымен нұрланады.



ТҮЛҒА

Ел есінде асыл азаматтардың ізі өшпек емес. Сондай тау тұлғалардың бірі – Сарыбастау ауылын гүлдендіріп, ұжымшарды миллионер дәрежесіне көтерген Социалистік Еңбек Ері Нүсіпбек Әшімбаев. Алатаудың баурайындағы Сарыбастау ауылы үшін биылғы жыл ерекше. Өйткені аталған елдімекеннің 95 жылдығы Нүсіпбек Әшімбаевтың 115 жылдығымен тұспа-тұс келуде. Еңбек Ерінің соңындағы ұрпағына аманат болған естеліктері мен мерзімді басылымдарға шыққан мақалалар негізінде «Заманының заңғары» атты кітап жарыққа шығуда.



ӘДІЛДІК ЖОЛЫНДАҒЫ АДАЛ ЕҢБЕК

көрсетілген еді. Әділетсіз айыптаулар мен тексерістерге қарамастан, ол ешқашан кек сақтамады, арызқойларды әшкерелемеді. «Әр адамның үрім-бұтағы бар, олар ата-бабасының күнәсін арқаламауы тиіс» деп биік парасат көрсетті.

Еңбекке адалдық пен сабырлық – Әшімбаевтың өмірлік ұстанымы болды. Ол зейнетақысын алудан да бас тартып, халықпен бірге өмір сүрді. «Еңбек Ері» атағы оған тек Қонаевтың қолдауымен 1981 жылы берілді. Алайда кейінгі басшылар сол дәстүрді жалғастыра алмады, ал тәуелсіздік жылдары жекешелендіру саясаты ауыл шаруашылығын күйретті. Жылдар бойы халық еңбегімен жиналған мал-мүлік ыдырап, ауыл тіршілігі тығырыққа тірелді. «Сексен жыл тер төгіп миллионер деңгейге көтерген ұжымшарды бір күнде таратып жіберу – тарих алдындағы ауыр қиянат», – деп атамыз жиі күрсінетін. Өйткені жекешелендіруден ұтылған – ең алдымен ауыл халқы, ұрпақ және мемлекет. Ұтқандар билік басындағылар мен олардың маңайы ғана болды.

Нүсіпбек атамыздың өмір жолы – еңбекке адалдықтың, әділеттіліктің, елге деген сүйіспеншіліктің айқын үлгісі. Ол – қиындыққа мойымай, жоқтан бар жасаған тұлға. Біз үшін

Нүсіпбек атамыздың өмір жолы – еңбекке адалдықтың, әділеттіліктің, елге деген сүйіспеншіліктің айқын үлгісі. Ол – қиындыққа мойымай, жоқтан бар жасаған тұлға. Біз үшін ең басты тағылым – еңбекті бағалай білу. Өйткені еңбектің қадірін түсіну – елдіктің белгісі, ерліктің өлшемі.

Себебі ол халықтың бірлігін, еңбекқорлығын жоғары қойып, бар жетістікті жұрттың атына жазды. Әшімбаевтың өмірлік ұстанымы елге адал қызмет ету, халыққа жағдай жасау еді. Ол ешқашан үкімет қаржысына сүйенген жоқ, халықтың қолдауына арқа сүйеп, өзінің өмір тәжірибесімен басшылық етті.

Зейнет жасына жетсе де, ел сенімін ақтап, ақысыз жұмыс істеп, шаруашылықты өрге сүйреді. Оның басшылығымен ұжымшар экономикасы өркендеп, қой саны жүз мың басқа жетті. Ауыл орталығы қала типтес ірі елді мекенге айналды. Мектеп, Мәдениет үйі, дүкендер салынып, халықтың тұрмыс жағдайы жақсарды.

Нүсіпбек Әшімбаев – адал еңбектің, төзім мен парасаттың символы. Сотталу мен соғыс қасіреті, ауыр тұрмыс пен қуғын-сүргін оның жігерін жасыта алмады. Керісінше, халықтың қамын ойлап, елдің болашағына қызмет етуге серптестірді. 99 жасқа дейін қолынан қаламын тастамай, үнемі газет-журнал оқып, ұрпаққа өнеге қалдырды. Соңында өрелі ісі мен өшпес есімі қалды. 1953-1985 жылдары ол басқарған Ленин ұжымшары Кеңес одағының ең үздік шаруашылықтарының қатарына еніп, «миллионер ұжымшар» атанды. Бұл жетістік – жоқшылық заманда халықтың мандай тері мен алтын уақытын сарп етіп жеткен жеңісі еді. Соғыс жылдары майдан даласында ерлер қан төгіп, ел қорғады. Бірақ сол жеңістің артында тылдағы еңбек армиясының ерен еңбегі тұрды. Өкінішке қарай, еңбек ардагерлері соғыс қаһармандарының көлеңкесінде қалып, лайықты бағасын ала алмады. «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізет» көрсетілмегенін де көзі тірілеріміз естен шығармайды.

Ұжымшардың өркендеуіне кедергі болған басты сегіз фактор бар еді: соғыстың зардабы; таулы аймақ, теңіз деңгейінен 2200 метр биіктік; су тапшылығы; қолайсыз климат; халық санының аздығы; мамандардың жоқтығы; орталықтан шалғайлығы; техника мен мал басының аздығы.

Осы қиындықтарға қарамастан, ауыл халқының еңбегімен миллионер ұжымшар жасалды. Мектеп, Мәдениет үйі, балабақша, емхана, су қоймасы, саябақ, электр стансасы сияқты нысандар салынып, халық игілігіне берілді. Бүгінгі күні солардың қызығын кейінгі ұрпақ көріп келеді.

Атамыз зейнетке шыққаннан кейін де ел ісіне араласуын тоқтатпады. Қызметтік көлігін ұжымшарға өткізіп, жаяу қалған шағы да болды. Сол кезеңде Заманбек Нұрқаділовтің көрегендігі арқасында Қонаевқа көлік мінгізілгені сияқты атамызға да қолдау

ең басты тағылым – еңбекті бағалай білу. Өйткені еңбектің қадірін түсіну – елдіктің белгісі, ерліктің өлшемі.

Нүсіпбек атамыздың есте сақтау қабілеті ерекше болатын. Келген қонақтан жөн сұрап, жеті атасын түгендеп, шежіресін таратып, қызықты оқиғаларымен әңгімелеп отыратын. Бізге де жеті атамызды жаттатып, ата-бабамыз жатқан қорымдарға апарып көрсетіп, «Жеті аталарыңды біліңдер» деп өсиет еткен. Оның үлкен атасы Манас қажы бабамыз Сарыбастау ауылынан алғашқылардың бірі болып Меккеге қажылыққа барған екен. Сырқаты болса да, қажылық сапарын аяқтап келіп, көп ұзамай дүниеден озған. «Қажылығы қабыл болып, Нүсіпбектей ұрпақ дүниеге келді» дейтін үлкендер.

Атамыз қыран бүркіт ұстап, тазы жүгіртіп, аңшылықты кәсіп еткен. Ашаршылық жылдары елді азық-түлікпен қамтамасыз етіп, талай ауылды аман алып қалған. Қызықты оқиғаларының бірі – досы Жазықбай қариямен бірге аңға шыққанда, қасқыр шақыру үшін құзғынша шулап, алдарынан қасқырды айламен шығарған сәті. Осындай әңгімелері бізді баурап, аңшылыққа баулыды.

Нүсіпбек атамыздың аңшылыққа деген құштарлығы ғылымға да ұласқан. Ол арқар мен меринос қойын будандастыруға атсалысып, «Арқар-меринос» тұқымының шығуына себепкер болды. Бұл селекциялық жетістік кейін халықаралық көрмелерде жоғары бағаланып, Ленин ұжымшарының табысын еселеді. 1957 жылы ауыл миллионер атанса, 1968 жылы табысы 2,3 млн сомға жетті. Мұның бәрі атамыздың еңбегі мен ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесі еді.

Нүсіпбек атамыз елдің тірегі, ауылдың абызы болды. Қайсар мінезімен қатар, сүйегі асыл, денсаулығы мықты жан еді. Өмірінің соңына дейін мал бағып, қонағына ет асып, ауылдастарын қолдап өтті. Атамыз да, әжеміз де тоқсаннан асып, сырқатсыз өмірден өтті. Сол күннен бастап шаңырақтың шырайы кеміп, «Қариясы бар үйдің дариясы бар» деген сөздің шын мәнін түсіндік. Мұқағали Мақатаевтың «Қариялар азайып бара жатыр» деген жыры да осындай тұлғаларға арналғандай. Ақынның өзі де осы өңірге жиен болатын, біздің ауылға қонақ болып келген сәттері болған. Нүсіпбек Әшімбаев – бір қасырда бір туатын, елінің қамын жеген асыл қария. «Жеті атаңды біл», «Еліңді қорғамай, ер болмайсың» деп өсиет қалдырған атамыздың гибратты ғұмыры – біз үшін өнеге. Оның еңбегі мен жолын жалғау – ұрпақ парызы.

Еркебұлан ӘШІМБАЕВ
Райымбек ауданы

Балаларға да ерекше көңіл бөлінді. 1955 жылы интернат ашылып, малшылардың ұл-қыздарына білім алуға жағдай жасалды. 1959 жылы үш қабатты жаңа мектеп қолданысқа беріліп, бір мезетте 350 оқушыны, ал жалпы есеппен 1100 баланы оқытуға мүмкіндік туды. Сол жылы 300 кісілік клуб ашылып, ауыл мәдениетінің жаңа белесі басталды.

Қоғамдық тұрмысты жақсарту үшін де ірі қадмдар жасалды. Жылына 1,5 миллион дана күйген кірпіш шығаратын зауыт іске қосылды. Фин үлгісіндегі монша мен бассейн – ол кезде тіпті облыс



орталықтарында сирек кездесетін ғажайып нысан еді. 1960 жылы 140 орындық балабақша салынып, оның аумағы көгалдандырылды, балаларға арналған ойын алаңдары жасалды.

1962 жылы ауыз су мәселесі шешіліп, су қоймасы мен 24 колонка орнатылды. 1965 жылы заманауи Мәдениет үйі бой көтеріп, ауыл газға қосылды. Кейінгі жылдары «Таугүл» сауда орталығы, аурухана, дәріхана, спорт стадионы, элеваторлар, диірмен, инкубатор, ат, сиыр, қой базалары салынды. Ауылдың әр көшесі асфальтталды, орталық жылу жүйесі іске қосылды. Радио желісі орнатылып, телемұнара тұрғызылды.

Осының бәрі жай ғана ғимарат емес, ауылдың әлеуметтік тұрмысын түбегейлі өзгерткен ірі жетістіктер еді. Әшімбаевтың басқаруымен салынған нысандардың дені облыс түгелі республика көлемінде теңдесі жоқ жаңалық болатын.

Ауыл шаруашылығын дамытуда да зор қадмдар жасалды. Қой тұқымын асылдандырып, арқар-меринос қойын өсірді. Бұл жаңа тұқымнан мол жүн мен ет өндіріліп, республикадағы өзге шаруашылықтарға да таратылды.

Егіншілікке ерекше мән беріліп,

тау өзендерінен каналдар тартылып, қолдан көлдер жасалды. Бұл әдіс егін өнімін арттыруға зор ықпал етті. Тіпті кірпіш пен әк шығаратын зауыт салынып, ауданның өзге құрылыс нысандары да Сарыбастау өнімдерімен қамтамасыз етілді.

Нүсіпбек атамыздың басты ұстанымы – инвестицияны малға да, егінге де емес, ең алдымен адамға салу болатын. Ол салынған әрбір мектепті, балабақшаны, аурухананы, мәдениет ошағын болашақ ұрпақтың бақытына жасалған игілік деп білді. Сондықтан да Сарыбастау тек қана өндірістік жетістігімен емес, мәдениеті, білімі, денсаулығы дамыған орталыққа айналды.

Мұнда өсіп-жетілген кадрлар кейін ауданның өзге ауылдарына басшылық қызметке барып, сол жерлердің де гүлденуіне үлес қосты. Сарыбастау нағыз «маман даярлайтын ұстахана» атанды. Нүсіпбек Әшімбаевтың еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол Социалистік Еңбек Ері атағын алды, үш мәрте Ленин орденімен, «Құрмет белгісімен», басқа да көптеген марапаттармен ұлықталды. Оның аты республикалық деңгейде белгілі болып, Бүкілодақтық съездерге делегат болып сайланды.

Атамыздың жеке еңбегі ғана емес, бүкіл ауылдың еңбегі бағаланды.



САҒЫНЫШ

Мақай Нұрқасовтың өмір жолы тағылымға толы, тағдырымен де, талантымен де дараланған тау тұлға. Даланы әнге бөлеген өнерпаз талай шәкірттің шырағын жақты. Ардақты ұстаздың жарқын бейнесін өмір керуені қанша алыстатқанмен, еліне беріле қызмет еткен еңбегі, өшпес даңқы жадымыздың көзінде мәңгі жарқырайды.

Өлкесін әнге бөлеген



бірімізден «Қай жақтансың?» деп мүлдем сұрамайтынбыз. Қайсымыз қай жерден екенімізді білмейміз, әйтеуір топ-топ болып келдік. Сол жылдары оқуға 200 бала тапсырдық. Соның ішінде 20-25 баланы ғана оқуға іріктеп алды. Біздің ұстазымыз Асқар Токпанов болды. Асқар аға керемет, данышпан, нағыз талант иесі еді. Сол ұстазымыз: «Мына қараторы, етжеңді бала актер болуы тиіс. Әдеміше келген әртістер көп. Ал Мақай өзгеше. Нағыз комедияның да, трагедияның да актері. Нағыз актер болатын жігіт», – деп таңдап алыпты. Оқуға қабылданып, есімізді жиып, бір жыл өткеннен кейін бір-бірімізден: «Сен қай жерденсің?» – деп сұрай бастадық. Асанәлі – Жамбыл облысынан, Райымбек – Шымкенттен екен. Бәрі өз туған жерін айтып жатыр. Мақай ойға шомып отырған. Кенет ұстазымыз: «Мақай, сен қай жерденсің?» – деп сұрады. Тымпиып, әлденеге көз тастап отырған Мақай: «Нарынқолданмын, ағай!» – деді. Жүрегім бүлк ете қалды.

– Ойбай, мен де Нарынқолданмын, – дедім.

– Әй, сен Нарынқолдың қай жеріненсің?

– Мен Нарынқолдың өзінен.

– Мен Сарыбастауданмын, – деді.

Содан кейін менің оған ішім жылыды. Бөлінгенім емес, бірақ жеріміз, суымыз, тауымыз бір ғой. Ол менен 2-3 жасқа үлкен екен. Ағалап, ылғи қасына барып, бірге суретке түсіп, бір-бірімізді қолдап жүрдік.

Мақай, Сәбит, Асанәлі, Райымбек, Матан барлығы Тастақтан үй жалдап тұрды. Сол кезде Мақай ылғи ауылдан қой сойып алып келеді. Қазір Асанәлі айтады: «Мақайдың арқасында қарнымыз аш болған жоқ», – деп. Ет дайындап, қазан қайнатып, демалыс күні бізді дастарханға шақырады. Мен, Фарид, Раушан, Мәриям барлығымыз бірге қонаққа барамыз. Рахаттанып тамақ ішіп алғаннан кейін мен: «Әй, мынау біздің Нарынқолдың еті, тойып жеп алыңдар!» – деп өзім әкелгендей әлдеқандай боламын.

Сол кездің өзінде Мақай үлкен, бізге ақыл айтатын азамат еді. Мақайдың әңгімесінің өзі қандай керемет! Ол ауыл туралы, ауыл ақсақалдары туралы айтқанда, ұйып тындап отыра беретінбіз. Әңгімелерінен ауылдың иісі аңқып тұратын. Мен сол кезде: «Біздің ауыл қандай тамаша! Өне, тындап алыңдар. Нарынқолдың таулары қандай керемет! Кішкентай кезімізде жалаңаяқ жүгіріп қарақатын, рауғашын жегенбіз. Сондықтан да менің бауырымның ойы, санасы орнында», – дейтінмін.

Мақай сондай керемет адамдардың қасында жүрді. Асқар Токпановтан дәріс алды. Ұстазымыз ылғи: «Мақай өзгеше, оның рөлдері дайын тұр»,

– деп айтатын. «Дайын тұрғаны несі?» – деп ер балалар қызғанып қалатын. Оның жүрегі біздің ауылдың кендігіндей еді. Бәріміз бірге оқыдық, бірге жүрдік. Сол кезде Мақай өте бақытты еді. Көңіл- күйі жүзінен байқалатын.

Өкінішке қарай, оқу бітіргеннен кейін отбасымызбен араласпадық. Біз Әуезов театрына жұмысқа кірдік. Өнер әлеміне еніп алсаң, одан шығу қиын ғой. Бір күні Асанәліден Мақай қайтыс болды дегенді естідім. Осы жерде әлі күнге дейін Мақай туралы айтамыз. Ол – артына тек жақсы сөз қалдырған жақсы адам», – деп еске алса, Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов:

«Мақаймен студенттік шағмымыз бірге өтті. Ол біздің старостамыз болды. Бізден 5-6 жасқа үлкен еді. Өте сабырлы азамат болатын. Мен стипендиясыз оқығанда, көп көмектесті. Достыққа адал, пейілді кен азамат еді. Барлығымыз бір бөлмеде тұрып, бір үйдің баласындай болып кеттік. Кейіннен өзінің туған жеріне барып, Халық театрын басқарып жүрді. Жан-жақты ойлайтын, терең ізденістің адамы еді. Өмірден ерте кетіп қалды. Мақайдың жарқын жүзі, игі істері мәңгілік жүрегімізде.

Жақсы адамды барлығы сағынады. Сағынышпен еске алады. Халқына қалтқысыз қызмет еткен азаматтың ғұмыры қысқа болды. 1974 жылы 23 қарашада қызмет бабымен Алматыға бара жатқан жерінде жүрек ауруынан кенеттен көз жұмды. Мақай Нұрқасов аққан жұлдыздай қысқа ғұмырында өнегелі істер атқарды, ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосты, еліне шапағатын тигізді. Бар-жоғы 41 жасында өмірден өтсе де, артына өлмейтін із қалдырды.

Мақай Нұрқасовтың сөз қадірін түсінуі, сөз саптауы, еңбекқорлығы – өзімен араласқан жандардың жадында Шығармашылығына адал бола білді. Сырт көзге қатал сияқты болып көрінгенімен, тірі жанға қиянаты жоқ тұлға еді. Сол адалдығы, адамгершілігі, өзгелерге үлгі боларлық жақсылығы – ұрпағына мыңжылдық шапағат. Ал біздің қасиетті борышымыз – Мақай ағамыздың өнерін ұлықтап, еліне жасаған жақсылығын ұмытпау. Жақсылардың артынан өшпес із қалады. Тіршілігінде жанындағы адамдарға адамгершілік танытып, туған елінің, жерінің абыройын асқақтатқан тұлғаның жарқын бейнесі мәңгілік жадымызда.

Сарыбастау десе – Мақай ағаның, Мақай десе – Сарыбастаудың көз алдымызда асқақтап тұра қалатыны сондықтан», – деп тебіренеді.

Маржан СӘБЕТ
*Сарыбастау ауылы,
Райымбек ауданы*

Үлкендерден Мақай аға жайлы сұрай қалсаңыз, бірауыздан: «Аңқылдаған көңілімен, адами болмысымен елге сыйлы азамат еді», – деген жылы пікірлерін естисіз. Шоктығы биік Хантайының етегінде орналасқан аядай ғана Сарыбастау ауылының сары даласы ағаның әндерін шырқап тұрғандай. Ауылдың еңбектеген баласынан, еңкейген қариясына дейін ерекше ықыласпен «Сарыбастауым» деп әндете шырқай жөнеледі.

Мақай Нұрқасов 1933 жылы 6 мамырда Нарынқол ауданы Түзкөл қыстағында дүниеге келген. Әкесі Нұрқас Бүйенбаев шаруашылықтың әр саласында қызмет етті, ал анасы Кенжебала Бүйенбаева үй шаруасымен айналысты. Тәрбиенің бастауын отбасынан бойына дарытқан зерек бала алғаш мектеп табалдырғын 1942-1943 оқу жылында аттайды. Бұл уақыт сұрапыл соғыспен тұспа-тұс келген кезең еді.

Алдымен ауыл мектебінде білім алып, кейіннен 7-10-сыныптарды Алматы қаласындағы №18 қазақ орта мектебінде аяқтаған. 1954 жылы Алматы консерваториясына оқуға түседі. Бірақ оны белгілі себептермен бітیره алмады. Таудай талап арқалаған жігерлі жас 1956 жылы Сарыбастау ауылындағы орта мектепке мұғалім болып келеді. 1958 жылы Алматы қаласындағы киностудияның аударма бөлімінің редакторы қызметін атқарады. 1959 жылы Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінде еңбек етеді. Шығармашылығын дамылсыз шындаған Мақай Нұрқасов 1960 жылдан 1963 жылға дейін Нарынқол ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы ұжымшарда құрылған Халық театрында режиссер-директор болды.

Өмірі өлеңмен өрілген Мақай аға саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге және аудан мәдениетін дамытуға арнады. Артына өнегесі мол, өшпес із қалдырды. Қаламгерлігімен, композиторлығымен танылды. Ол кісінің «Сарыбастау вальсі», «Сарыбастаудың қыздары-ай!» атты әндері ауылдың гимніне айналғандай еді.

Мақай Нұрқасовтың режиссерлігімен қойылған қырғыз драматургы Б.Жакиевтің «Әке тағдыры» пьесасы халықтың зор қошеметіне бөленді. Бұл

спектакль ауыл өнерпаздарының даңқын шартарапқа әйгіледі. Аталған драмада басты рөлдерді Сәуле Дүйсебаева, Шырын Жұманова, Гүлнәр Омаровалар сомдап, таланттарымен көпшілікті тәнті еткен болатын. «Әке тағдыры» драмасының атағы ауыл мен ауданнан асып, облысқа жетіп жатты. Драманы көріп, бағалауға Алматыдан келген жоғары басшылық өкілдері: «Ауылды жердегі таланттардың шеберлігі кәсіби әртістердің шеберлігіне пара-пар екен», – деп баға берген. Сонымен қатар 1966-1967 жылдары В.Катаевтың «Қонақ үйінде» деген мазмұны күрделі драмасын да сахнаға шығарды.

Ауыл мектебінен 120 адамдық хор ұжымын ұйымдастырып, аудан тарихында тұңғыш рет көрерменді таңғалдырып, үлкен жетістікке жетті. Хордың көркемдік жағын өзі басқарды. Мектепте көркемөнерпаздар үйірмесін жандандырды. Өнерлі оқушыларды мектеп залына немесе ұжымшар клубына жинап алып, жиі концерттер қоятын. Кез келген қойылымның нәзік иірімдерін шебер пайдалана білетін Мақай ағамыздың спектакльдерін тамашалаған көрермендер көзіне жас алып, ерекше

әсермен қайтатын. Спектакльде рөл ойнағандар кәсіби актерлар болмаса да, қатардағы мұғалімдер қалпымен-ақ жоғары деңгейде өнер көрсететін. Көрермендерді сендіре алатын. Оның барлығы Мақай ағаның шеберлігінің жемісі еді.

Мақай Нұрқасов ауданның белгілі музыканттары – Мәкен Әлиасқаров, Ертіс Мысақұлов, Тұрсымбек Тілемісов, Ережеп Әбділдаев, Жазушы Нұрқалиев, Қойшыбай Тиязов және ақын Еркін Ібітановтармен тығыз байланыста болды. Қазақ театр өнерінің майталмандары – Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Райымбек Сейтметов, Нүкетай Мышбаева, Мәриям Жақсымбетова, Раушан Әуезбаева, Матан Мұраталиев сынды таланттармен бірге өнер институтында оқыды. Курстастары Мақай ағаны сағынышпен еске алады.

Қазақстанның Халық әртісі Нүкетай Мышбаева:

«Мақай өзі қараторы, етжеңді, томпиған, біздің ауылдың, яғни Нарынқолдың жігіті екен ғой. Мен оны ең алғашында білмедім. Сол кездің тәрбиесі болуы керек, бір-

КӘСІБИ БІЛІМ

Қазақ халқының кемеңгер перзенті, ел тарихында өшпес із қалдырған Дінмұхамед Қонаевтың есімі барша жұртқа мәлім. Елімізді жарты ғасырға жуық уақыт басқарған тұлға қиын-қыстау кезеңдерде жеріміздің тұтастығын сақтап, ұлтымызды бейбіт өмірге, татулық пен бірлікке жетеледі. Осындай ұлы тұлғаның есімін иелену Д.Қонаев атындағы колледж ұжымы үшін де үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік.

Алғашқы қадам
Д.Қонаев атындағы колледж (Лицензия №14012893) елімізде тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, нарықтық қатынастар қалыптасып, білім беру саласында жекеменшік оқу орындарын ашуға мүмкіндік туған шақта құрылды. 1993 жылы профессор, заң ғылымдарының докторы Өмірәлі Жалайыри мен оның зайыбы, тәжірибелі қаржыгер Кашипа Рақымбекқызы оқу орнын ашу бастамасын көтерді. Сол жылы олар Дінмұхамед Қонаевтың өзіне барып, батасын алады.

Алғашқыда үздіксіз жекеменшік білім беру мекемесі ретінде құрылған оқу орны 1998 жылы мемлекеттік лицензия алып, құқықтану, қаржы, кеден ісі, шет тілі, экономика, бухгалтерлік есеп және аудит, банк ісі, ақпараттық жүйелер мамандықтары бойынша кадр даярлайды.

ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ



Даму кезеңі
2014 жылдан бастап колледж университет құрамынан шығып, жеке құқық профиліндегі оқу орны болып қайта тіркелді. Бүгінде Д.Қонаев атындағы колледждің құрылғанына 26 жылдан асты. Осы уақыт аралығында «Еңселі елдің ертеңі – білімді ұрпақ» деген ұстаныммен 17 мыңнан астам түлек бітіріп шықты.

Колледждің миссиясы – еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Бұл мақсатта оқу үрдісінде теориямен қатар тәжірибеге де ерекше

көңіл бөлінеді. Студенттер сот отырыстарына қатысып, ресми құжаттар толтыруды үйреніп, адвокаттар, нотариустар, судьялар мен мемлекеттік қызметкерлерден тәжірибе алады. Колледждің басты ерекшеліктерінің бірі – медико-психологиялық қызмет, медиация орталығы және тегін заң кеңесі. Бұл бастамалар студенттердің біліммен қатар өмірлік тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу ғимараты төрт қабаттан тұрады, барлық қажетті кабинеттермен жабдықталған. Колледж кітапханасының қоры – 56 302 оқулық. Студенттерге спорттық

секциялар, тренажерлық зал, тілдік курстар, жатақхана және оқу ақысын төлеудің ыңғайлы жүйесі қарастырылған.

Білікті менеджер
2001 жылдан бері аталған колледжді тәжірибелі педагог, заңгер әрі білікті менеджер Райхан Бөлекбаева басқарып келеді. Оның педагогикалық еңбек өтілі – 35 жыл. Райхан Шантықызы әр студенттің даралығын ашуға, шығармашылығын дамытуға және еркін ойлы тұлға қалыптастыруға ерекше мән береді. Еңбегі мен қоғамдық қызметі үшін ол «Құрмет» орденімен, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі-

мен, ҚР Тәуелсіздігінің 20 және 30 жылдығына арналған медальдармен марапатталған. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаттарын алған. Алматы қаласының мәслихат депутаты әрі «AMANAT» партиясының мүшесі ретінде де ел дамуына үлес қосып келеді.

Бүгінде колледж халықаралық деңгейде аккредиттелген, заманауи білім ордасына айналды. Жаңа ғасырдың талабына сай сапалы маман даярлауды басты мақсат еткен ұжым білімді, кәсіби әрі патриот түлек тәрбиелеу жолында қажырлы еңбек етуде.

Димаш ата жолымен
Колледж басшылығы студенттерін оқытып, тәрбиелеу жолында болашақ мамандар Димаш атадай қалтқысыз қызмет етуге, аманатқа адал болуға, адам баласына қиянат жасамауға, парасатты, беделді, әділетті, халыққа жақын болып, ешкімнің ала жібін аттамайтын адам болып шықсын деп көп күш салады. Ұлы тұлғаның туған күні, дүниеден озған күні жылда аталады. Ұжым болып студенттерді ертіп, Кеңсайға барып, Қонаев ескерткішіне барып, Құран бағыштап, гүл шоқтарын қойып, ас беріледі. Дінмұхамед ата музейіне жыл бойы топтасып та, жекелей де бару, әр түрлі іс-шара өткізу – колледждің ұдайы назарында.

Колледждің тәрбие жоспары бойынша Димаш атамның туыстарын (апа-қарындастарын), көзін көрген, жанында қызмет атқарған адамдарды шақырып, кездесулер өткізіліп тұрады.

Толкын СӘЙДУОВА,
журналист



ӨНЕГЕ

ҚҰТ ҚОНҒАН ШАҢЫРАҚ



Алатау қаласында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл да жалғасын тапты. Жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған және қобдалы отбасылардың балаларын қолдау мақсатында ұйымдастырылып жатқан игі шараға жергілікті азаматтар белсене атсалысты.

Игі бастама



Солардың бірі – Алатау қаласының тұрғыны, жүрегі кең, жомарт жан Мұрат Шоқайбаев. Ол ауыл азаматтарын бірлестіріп, мектеп жасындағы балаларға қуаныш сыйлады. Нәтижесінде 60-қа жуық оқушы жаңа оқу жылына қажетті мектеп формасы мен кенсе жабдықтарына қол жеткізді.

Жаңа киім мен түрлі-түсті құралдарын алған балалардың жүзіндегі қуаныш пен шаттық ата-аналардың жүрегіне жылытты. Өз кезегінде ата-аналар ұйымдастырушыларға шынайы ризашылықтарын білдіріп, қайырымды істің балаларға үлкен демеу болғанын атап өтті.

– Білім – болашақтың кілті. Балалардың алаңсыз оқып, жақсы білім алуы үшін қолдау көрсету – әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Осындай игілікті іске ауыл тұрғындарының бірлесіп атсалысқаны қуантады, – дейді Мұрат Шоқайбаев.

Бұл игі бастама – қоғамдағы бірлік пен ынтымақтың, мейірім мен жанашырлықтың нақты көрінісі. Әсіресе, жаңа оқу жылы қарсаңында балалардың шат-шадыман көңіл-күйімен мектепке баруы – үлкен бақыт. Алатау қаласының тұрғындары осындай игі шараға бастамашы болып, демеушілік жасаған Мұрат Шоқайбаевқа алғыстарын жеткізіп, үлгілі іс көпке өнеге екенін атап өтті.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, ел ішінде ізгілік пен қайырымдылықты дәріптеп жүрген азаматтарымыздың арқасында болашақ ұрпаққа деген қамқорлық арта берері сөзсіз.

Гүлнәз КЕНЕСБАЕВА,
Алатау қаласы әкімінің баспасөз хатшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«CLEAR MEDICAL» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 95-бабына сәйкес «Қоршаған ортаға эмиссияға экологиялық рұқсат алуға арналған құжаттар топтамасы (Рұқсат етілген шығарындылардың нормативтері, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы)» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдау 03.10.2025 ж. сағат 15.00-де мына мекенжайда өткізіледі: Алматы облысы Талғар ауданы Қайнар ауылдық округі, Еламан ауылы, «№41 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ ғимараты, Зелена көшесі, 12.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін +7(707)5071277, +7(778) 5295050 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Бастамашы: «Clear Medical» ЖШС, Талғар ауданы Белбұлақ ауылы, Г.Рябич көшесі, 77. Тел: +7 702 405 5757.

Жобаны әзірлеуші: «Деревянкин Ю.К.» ЖК, Алматы қ., Наурызбай ауданы, Қалқаман-2 ы.а., Райымбек Сейтметов к., 14.

Жоба бойынша құжаттама ҰДБ-н <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО-н <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat?lang=ru> сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «CLEAR MEDICAL», в соответствии со ст. 95 Экологического кодекса РК проводит общественные слушания по проекту «Пакет документов на получение экологического разрешения на воздействие РООС (НДВ, ПУО, ПМООС, ППЭК).

Слушания состоятся 03.10.2025, г. в 15.00 ч. по адресу: Алматинская область, Талгарский район, Кайнарский с.о., с.Еламан, здание КММ «Общеобразовательная средняя школа №41», ул. Зеленая, 12.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности обращаться по телефону +7(707)5071277, +7(778) 5295050. Инициатор: ТОО «CLEAR MEDICAL», Талгарский район, с. Белбулак, Г.Рябич көшесі, 77. Тел. +7 702 405 5757.

Разработчик: ИП «Деревянкин Ю.К.», г. Алматы, Наурызбайский район, мкр. Калқаман-2, ул. Райымбек Сейтметова, 14.

Документация по проекту размещена на НБД <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Вакцинаның маңызы неде?

Ауыл шаруашылығы – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды сала. Соның ішінде мал шаруашылығы ауыл тұрғындарының негізгі күнкөріс көзі әрі ел экономикасына елеулі үлес қосатын бағыт. Малдан алынатын ет, сүт, жүн, тері өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі жануарлардың денсаулығына тікелей байланысты. Бүгінде ет пен сүтке деген сұраныс тек ішкі нарыққа ғана емес, халықаралық деңгейде де өсіп келеді. Алайда сапалы өнім тек сау, жұқпалы аурулардан таза жануарлардан ғана алынатыны белгілі. Осы орайда жануарларды вакцинациялау – мал шаруашылығын тұрақты дамытудың басты тетіктерінің бірі. Бұл – ауру шыққан соң амал жасау емес, оны алдын ала болдырмауға бағытталған тиімді әдіс.

Жануарларды вакцинациялаудың басты артықшылығы – індеттің алдын алу. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы жануарлары арасында жиі кездесетін бруцеллез, Сібір жарасы, аусыл, қарасан, қой мен ешкі шешегі, пастереллез және басқа да аурулар үлкен қауіп төндіруде. Бұл індеттер малдың жаппай қырылуына, өнімділіктің күрт төмендеуіне және ауыл шаруашылығына зор экономикалық шығын келтіреді. Екпенің тағы бір артықшылығы мал өнімділігін сақтаумен байланысты. Одан кейін аурудың алдын алып, екпе егілген соң қаржылық шығын азаяды. Ауырғаннан кейін дәрі-дәрмекке қаражат жұмсағандан гөрі бір рет салынатын екпенің маңызы зор. Ол көптеген аурудан қорғайды. Кейбір мал аурулары адамға да жұғуы мүмкін. Мұндай зооноздық аурулар қатарына бруцеллез, туберкулез, Сібір жарасы, құтыру сияқты дерттер жатады. Осы аурулардан халықты қорғау үшін малды уақытылы егу – адам денсаулығына да тікелей әсер ететін мәселе. Оның үстіне екпе экспорт талабына да жауап береді. Бүгінгі таңда мал өнімдерін экспорттаушы елдер үшін ветеринариялық тазалық – негізгі талаптардың бірі. Вакцинацияланған, дені сау малдан алынған өнім ғана халықаралық нарыққа шығады. Бұл еліміздегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлемдік сұранысқа не болуына жол ашады.

Вакцинация министрлік тарапынан бекітілген ереже-қаулыларға, белгілі қағидаларға сәйкес, ел көлемінде, облыс, қала, аудан, ауыл деңгейінде ветеринариялық бекеттер арқылы, білікті мамандардың қатысуымен тегін немесе субсидиямен жүргізіледі. Мал иелері өз малдарын уақытылы тіркеп, алдын ала хабарлама алғаннан кейін жануарларын дайындап, ветеринариялық мамандарға көрсетуі қажет. Вакцинация тек ветеринар мамандардың міндеті емес, мал иесінің де азаматтық борышы! Көп жағдайда аурудың таралуына вакциналаудан бас тарту немесе кешіктіру себеп болып жатады. Осы ретте тұрғындарға малды дер кезінде тіркеп отыруға, вакцинациялау жоспары шыққан кезде қатысудан жалтармауға, егілген малға күтім жасап, алғашқы 2-3 күнде ауыр жұмыстарға салмауға, қандай вакцина егілді, қай күні, соны жазып алып, жеке бақылау күнделігін жүргізуге, жаңа мал сатып алған кезде міндетті түрде ветеринарлық анықтамаларын сұрап, карантин талаптарын ұстануға кенес береміз.

Ауыл шаруашылығы жануарларын вакцинациялау – жай ғана науқан емес, бұл малдың өмірі мен өнімділігін сақтауымен, шаруашылықтың тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды шара. Сонымен қатар, бұл – халық денсаулығы мен еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудың негізі. Сау мал – мол байлық, қауіпсіздік әрі тұрақтылық. Сондықтан, вакцинацияны уақытында өткізу сіздің де, ұрпағыңыздың да игілігі үшін қажетті кадам.

Гүлсім ТОҒЫСБАЙ,
Қонаев қалалық ветеринариялық бөлім дәрігері

Өнегелі өмірін медицина саласына арнаған ағайынға ардақты, досқа сыйлы, көпке үлгі бола білген менің алтын құрсақты, аяулы Нұргүл жеңгем бүгінде алпыстың асқар шыңына шығып, бір елдің анасына айналып отыр. Өмір өзгерсе де, қоғам қозғалса да, менің жеңгем әлі күнге өзгермеген. Сол баяғы жұмсақ жүректі, биязы қалпы. Ал саналы ғұмырын ауыл шаруашылығына арнап, сол арқылы абырой аркалап, өз ісіне адалдық танытқан Серік Жарқынбекұлы Пайғамбар жасына келіп, ел үшін еткен елеулі еңбегінің жемісін жеп, зейнетке шығып жатыр. Ағам да, жеңгем де өздерінің адами қасиеттерімен, керемет болмыс-бітімімен жанына жақсы адамдарды жинап, ел-жұртының алғысына, құрметіне бөленген жандар.

Аға-жеңгемнің өмірінің мәніне айналған үш ұлынан Аружан, Тоғжан, Ақжан, Айзера, Мағжан, Асылым, Сафия, Латипа сияқты бал татыған немерелері бар. Бірі ән салып, бірі билеп, бірі өлең оқып, ата-әжесінің көңілдерін көктемдей құлпыртып отырады. Иә, қазақ үшін немереден тәтті ешкім жоқ. Осы орайда ағам мен жеңгеме арнаған өлеңім еріксіз еске оралып отыр.

*Семсер сәуле секілді Серік ағам,
Серік ағам о бастан менің ағам.
Сендей жігіт болсам деп арман етіп,
Бір кездері бойыма сенім алғам.*

*Сондықтан бір мен үшін ханнан қымбат,
Боп тұрады қашанда сенің ордаң,
Ләтипадай аяулы апам тұрған,
Үйіңіз берекенің белі болған.*

*Жүрегіңнің молайтып қуанышың,
Бұл үйде менің жеңгем келін алған.
Айналайын, алтындай асыл ағам,
Болсыңшы әрқашанда елің аман!*

*Жүрегің жақсылыққа тұрса жақын,
Жан емесің ешкімге мұң шағатын.
Беріктей тұңғышының арқасында,
Бақытқа толы сен әр сағатыңда.*

*Аузыңнан түсіп қалған Медетің бар,
Қолы шебер жігіт қой үй салатын.
Ал енді Досқаныңыз ерекше гой,
Тұлғасы бар көтеріп гір соғатын.
Үш бірдей ұл сыйлаған өзіңізе,
Жеңгем аман жүрсіңші құрсағы алтын!*

Ағайынның алғысына, дос-жараның, құда-жекжаттың құрметіне бөленген аса құрметті аға-жеңгемізге Жаратқан ием әлі талай жақсылық көріп, немереден шөбере сүйіп, алақандарынан май жалаытып, жүз жасқа келуді нәсіп етсін!

Дархан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ
Алматы қаласы

үйіміз ең жақын туысымыз, екі көзіміздің бірі» деп апам айтып еді. Иә, шынымен де туғанымды көргендей қатты қуанып қалдым. Айтпақшы, Серік ағамның туған әпкесі, жолбарыстай қайратты төрт ұлдың анасы, өте мейірбан менің Жұмақан әпкем мен марқұм Естай жездемді атамай кету үлкен күнә болар. «Бір құдам Кепебұлақтан, бір құдам Текебұлақтан» деп марқайып отыратын жездем Естай өте бір сабырлы, еңбеккер, ауданда алғаш тракторды тізгіндеген, артық сөзі жоқ аңқылдаған азамат еді. Аман қанша, өмірден озып кетсе де, артында қалған ұлдары бір-бір үй болып, әке жолын жалғауда.

Міне, құрметті оқырман, Секенмен Шошанайдағы кездескен сәтті санасам, қырық жылдан астам уақыт өтіпті. Зуылдап жатқан қайран уақыт, қайран заман. Алтыннан ардақты, көркем мінезді, көзінде мейірімнің нұры ойнаған, қазақтың қызына тән қылығы тәтті менің сүйікті Нұргүл жеңгемнің жүрегін жаулап алған Жарқынбек атамның ұлы Серік ағам жар тандаудан шатаспаған азамат қой. Атадан жалғыз ұл болғаныммен тенте, темір үзетін Берік, Медет, Досқандай бауырларымды дүниеге әкеп, әрқайсысын оқытып, үйлендіріп, бір-бір үй салып беріп, жеңгем екеуі ата-аналық парыздарын орындады. Берекесі мен мерекесі, бірлігі мен ынтымағы жарасқан отбасының алда көретін қуаныш, жақсылықтары аз емес еді.

Әлі есімде, алты жастан асқан кезімде шынтағым шығып кетіп, үйдегілер салдыратын сынықшы таппай, ел кезіп, жер кезіп біраз әуреге түскен еді. Марқұм Жібек апам ол кезде тірі болатын. Бір күні мені киіндіріп, Шошанайда сынықшы бар екен деп үйдегілерді хабардар етіп, жолаға шығып кеттік. Айналасы бір-екі сағаттың ішінде әлгі ауылға да жетіп бардық.

Сондағы түскеніміз өзіміздің Жарқынбек атам мен Ләтипа апамның шаңырағы екен. Бізді көріп, керемет қуанып қарсы алды. Ләтипа апам өте мейірімді, балажан, аяулы жан еді. Ол кісіні күллі әулеті жақсы көруші еді. Содан үйге кіріп, терлеп-тепшіп шай ішіп алған соң, «қазір Серік ағам да келіп қалар жұмыстан, сонымен ойнайсың» деп апам менің бала көңілімді бір қуантып тастады. Менен екі, үш жас қана үлкен шығар десем, Секең әскерден енді ғана келген еңгезердей жігіт екен. Сол сәтте көзі көкпенбек, жараған аттай, шымыр денелі, күлімкөз қызылсары бір аға кіріп келді. Бұл менің алғаш алты жасымда көрген Серік ағамның жиырма бір, жиырма екі жастағы портреті еді. Жолда «Біздің баратын

МАМАН МІНБЕРІ

Сақтық – саулық кепілі

АИТВ – бұл адамның иммун тапшылығы вирусы. Ол ағзадағы қорғаныш жүйесін әлсіретіп, адамды түрлі ауруларға сезімтал етеді. АИТВ дер кезінде анықталып, дұрыс ем қабылданбаса, ол ЖИТС-ке (жұқтырылып, иммун тапшылығы синдромы) айналуы мүмкін. Бірақ қазіргі медицинада АИТВ өмірдің соңы деген сөз емес. Арнайы антиретровирустық терапияның (АРТ) арқасында адамдар бұл диагнозбен де ұзақ, толыққанды өмір сүріп, дені сау бала сүю мүмкіндігіне ие болады.

Жүкті әйел үшін АИТВ-ға тексерілу ерекше маңызды. Себебі егер болашақ анада вирус болса, ол баласына жүктілік және босану кезінде немесе емшек сүті арқылы жұғуы мүмкін. Алайда бұл қауіп міндетті түрде жүзеге асады деген сөз емес. Уақытылы жүргізілген ем және дәрігерлік бақылау анадан балаға АИТВ жұғу мүмкіндігін азайтады. Сондықтан кез келген жүкті әйелдің ерте кезеңнен бастап тіркеліп, тексеруден өтуі – өзіне де, болашақ сәбиіне де жауапты кадам.

Қазақстанда жүкті әйелдерге АИТВ-ға тегін және міндетті түрде тексерілу ұсынылады. Ол қарапайым қан талдауы арқылы жүргізіледі және ешқандай ауырынууды не зиянды салдарды туғызбайды. Бұл — ананың да, баланың да қауіпсіздігі үшін жасалатын маңызды кадам. Егер болашақ анада АИТВ анықталса,

ең бастысы қорықпау керек. Қазіргі таңда дәрілердің көмегімен бұл жағдайды толық бақылауға болады. Арнайы тағайындалатын препараттар вирустың көбеюін тежейді, ананың иммунитетін сақтайды және балаға жұғу мүмкіндігін барынша азайтады. Бұл емді неғұрлым ерте бастаса, нәтиже соғұрлым жақсы болады.

Босану кезінде де қауіпсіздік шаралары сақталады. Кей жағдайларда дәрігерлер кесар тілігін ұсынады. Бала туғаннан кейін оның да жағдайы мұқият бақыланады және емшекпен емізудің орнына баланы арнайы бейімделген қоспалармен тамақтандыру ұсынылады. Бұл да – сәбиді қорғауға бағытталған қауіпсіз шешім. АИТВ жұқтырған әйелдер үшін психологиялық қолдау мен әлеуметтік көмек те өте маңызды. Қазақстанда осындай қолдау көрсететін орталықтар мен сенім телефондары жұмыс істейді. Бұл мекемелер ақпарат береді, көмек көрсетеді және киын жағдайда жалғыз қалдырмайды.

Бүгінгі медицинаның мүмкіндіктері, тәжірибелі мамандар мен заманауи емдеу тәсілдері АИТВ диагнозы қойылған әйелге ана болу бақытына ие болуға кедергі емес. Уақытылы тексерілу, тиісті ем қабылдау және денсаулыққа мұқият қарау – ана мен баланың жарқын болашағына жол ашады.

Маржан ҚҰЛАЙЫПБЕКОВА,
облыстық ЖИТС орталығының
инфекционист-дәрігері

значениями, и лаборатория получает отчет с оценкой своих результатов. Такие проверки помогают своевременно выявить ошибки, нестабильность реактивов, отклонения в калибровке оборудования или нарушение методики.

Регулярное участие в ВОК это не только элемент внутренней политики качества лаборатории, но и обязательное требование современных стандартов. По результатам участия можно оценить уровень подготовки персонала, стабильность аналитических процессов и обоснованно вносить улучшения в работу.

Кроме того, успешное прохождение внешнего контроля повышает доверие к лаборатории со стороны пациентов, врачей и контролирующих органов. Это становится важным фактором для аккредитации и подтверждения соответствия лаборатория требованиям системы менеджмента качества.

Таким образом, внешняя оценка качества по ИФА это не разовая проверка, а необходимый инструмент, обеспечивающий высокую достоверность лабораторных исследований и безопасность медицинских решений.

Сабина МИЯНОВА,
менеджер по качеству КГП на ЦХВ «Алматинский
областной центр по профилактике и борьбе со СПИД»

МАМАН МІНБЕРІ

МАМАН МІНБЕРІ



АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕН – АБАЙДЫ ОҚЫ!



накыл сөздерінің мағынасын ашып, философиялық түйін жасады. Бұл сәтте әрбір сөздің астарында тереңдік жатқанын тындаушылар анық сезінді.

Көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген сайыс тартысты өтіп, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар анықталды. Байқау қорытындысы бойынша үшінші орынға Райымбек ауданынан келген Ернар Жұмағұлов пен Кегеннің жас дарыны Расул Сауытбек ие болса, екінші орын Қонаев қаласынан каттыққан Назира Боранбайға бұйырды. Бірінші орын Жамбыл ауданының үміткері Изагүл Азатоваға тапсырылды. Ал бас жүлдені Еңбекшіқазақ ауданының жас өнерпазы Гузельнұр Тұйғынова жеңіп, 200 мың теңгелік сертификатты қанжығасына байлады. Әрбір жүлдегерге Алғыс хат пен ақшалай сыйлық табысталып, өзге де үміткерлерге ынталандыру сыйлығы берілді. Байқаудан ешбір қатысушы елеусіз қалған жоқ, әркім өзінің еңбегі мен талабына сай марапатталды.

Шара соңында әділқазылар алқасының төрағасы Ержан Токтар қорытынды сөз сөйлеп, қатысушылардың өнеріне жоғары баға берді. «Бұл байқау әділ өтті. Әрбір жас сахна мәдениетін сақтап, ұлттық болмысқа сай киім үлгісіне мән берді. Біз үшін ең бастысы – олардың шығармашылық деңгейі мен білім тереңдігі. Жастардың бойынан Абайға деген шынайы сүйіспеншілікті, ізденіске толы ойды, рухани тазалық пен асқақ арманды көрдік. Осындай жастар барда Абай мұрасы ешқашан ескірмейді», – деп түйіндеді ол.

Қонаев төрінде өткен бұл әдеби мереке шын мәнінде рухани мектепке айналды. Әрбір жас жүрек Абайды оқи отырып, өз бойына жаңа серпін алды, парасаттың биігіне ұмтылды. Бұл байқау жас ұрпақтың өнерін шындаған ғана емес, даналыққа құштарлығын оятқан тағылымды шара болды. Хәкімнің мәңгілік мұрасы осылайша жаңа буынның жүрегінде қайта жаңғырып, оның асыл сөзі өмірдің шамшырағына айналды.

Ұлы ақынның сөзі – мәңгілік мұрасы – сарқылмас қазына. Сол қазынаны жастардың жүрегіне жеткізген «Асыл сөзді іздесен – Абайды оқы» атты облыстық байқау өңіріміздің рухани өмірінде өшпес із қалдырғаны анық.

Қонаев қаласы

ФОТОӨНЕР



Бүгінгі сурет – ертеңгі тарих

Карасай ауданына қарасты Абай ауылында Қазақстан фотожурналистикасының ардагері, Халықаралық журналистер ұйымының мүшесі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, көптеген халықаралық фотожурналистердің жүлдегері Калиғұмар Қабдешев атты тамаша адам тұрады. 85 жасқа толған мерейтойына орай ол «Бүгінгі фотосурет – ертеңгі тарих» атты символдық атауы бар кітап шығарды.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Фотошежіренің тұсаукесері Алматы қаласында – ҚР Ұлттық кітапханасының жиында өтті. Салтанатты шара барысында танымал тұлғалар сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді. Олардың қатарында Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын Ұлықбек Есдәулет, Қазақстан Журналистика академиясының президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қозыбаев, «Невада-Семей» қозғалысы төрағасының орынбасары Валерий Жандәулетов, фотоөнер ардагері Нұрманбет Қызатов, өнертану магистрі, PhD, фотожурналист Дәурен Максұтханұлы, белгілі журналист, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы, «Фотоөнер» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Асылхан Әбдірайым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, М. Өуезов атындағы театр әртісі Айдос Бектеміров, белгілі композитор Бейбіт Дәлденбай, күйші-композитор, Жолаушы Тұрдықұлов, танымал әнші, әртіс Бауыржан Құмарбеков және басқалар бар. Олар фотожурналист Калиғұмар Қабдешевтің тұлғасы мен шығармашылығы туралы әсерлі ойларымен бөлісіп, мерейтойымен және жаңа кітабының жарыққа шығуымен құттықтады.



Шара барысында марапаттар да табыс етілді. Атап айтар болсақ, «Қонаев» республикалық қорының өкілдері мерейтой несіне Дінмұхамед Қонаев атындағы медаль мен Құрмет грамотасын табыстады. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрмыбек Сақтағановтың атынан құнды сыйлықтар ұсынылды, оларды республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің өңірлік тілшісі Мерей Қайнарұлы жеткізді.

Салтанатты шараны ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының қолдауымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің баспа-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы, «Дарын» баспасы және «Фотоөнер» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Іс-шара аясында шебердің әр жылдары түрлі жанрда түсірілген туындыларынан көрме де қойылды. Бұл еңбектер – Қазақстан тарихында өшпес із қалдырған, отандық фотоөнердің дамуына қосылған үлкен үлес десе жарасады.

Шара барысында Калиғұмардың 1940 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының Шиганшы ауылында дүниеге келгені, фотоөнерге өмірінің алпыс жылдан астам уақытын арнағаны айтылды. Осы уақыт ішінде ол Қазақстан табиғатының көркем көріністерін де, ел басшылары мен өнер, ғылым қайраткерлерін, еңбек адамдарын да объективті нысанасына алып үлгерген.

Калиғұмар Қабдешев фото түсіруді нағыз өнер деңгейіне көтерген шебер екені де атап өтілді. Ол ұзақ жыл бойы Қазақстанның халықаралық ақпарат агенттігі – аты аңызға айналған КазТАГ-та жұмыс істеп, мол кәсіби тәжірибе жинаған.

Қызықты жайттардың бірі – Калиғұмар «Күпия» деген белгімен сакталған бірнеше фотосурет авторы болып саналады. Сонымен қатар ол Антарктиданы фотообъективіне түсірген алғашқы қазақтардың бірі. Атап айтқанда, 1965 жылы ол Оңтүстік полюске барып, мұз құрсауындағы «Мирный» ғылыми-зерттеу стансасында болған кезде жүзеге асқан. Сол сапарында ол Антарктида мен ондағы стансаны ерекше ракурспен бейнелеген. Сондай-ақ Калиғұмар Қабдешев – ЮНЕСКО деңгейінде мойындалған алғашқы қазақ фотография ретінде де тарихта қалды.

Айта кетерлік жайт, оның көптеген фотосуреттері 2021 жылы Алматыда «Онон» баспасынан шыққан «Өмірім мен өнерім» атты кітабында жарияланған. Ал жаңа «Бүгінгі фотосурет – ертеңгі тарих» кітабында фотожурналистің көптеген қызықты еңбектері орын алған.

Бұл еңбек еліміздің ұлттық байлығы, Қазақстан мен халықаралық фотожурналистика тарихындағы тағы бір маңызды туынды болары сөзсіз.

Облыс орталығында қазақ руханияты үшін мәні зор тағылымды шара өтті. Ұлы ақын, ғұлама ойшыл Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған «Асыл сөзді іздесен – Абайды оқы» атты этнос өкілдері арасындағы облыстық байқау жас ұрпақтың білімін сынап қана қоймай, ақын мұрасына деген құрметін айшықтап, парасат пен поэзияның мерекесіне айналды.

Құралбек СӘБИТОВ

Қонаев қаласындағы орта мектеп гимназиясын біріктіріп өлең мен айрықша шабыт беледі. Сахна төрінде даналықтың шамшырағы Абай бейнесі қалықтап тұрғандай әсер етті. Шара шымылдығын облыстық тілдерді дамыту басқармасы басшысының міндетін атқарушы, тіл жанашыры Нурман Оқас ашты. Ол өз сөзінде: «Абайды оқы – халықты тану, Абайды тану – өзіңді тану. Ақынның әрбір сөзі – ұрпақ жүрегіне сәулелі құятын шырақ. Жастардың Абайға ден қоюы, оны оқып қана қоймай, ойына тоқып, өміріне азық етуі біз үшін ең үлкен

қуаныш. Бұл сайыс – бір күндік жарыс емес, ол – өмірлік рухани сабақ», – деп қатысушыларға сәттілік тіледі.

Әдеби додаға қатысушыларды әділқазылар алқасы жіті қадағалап отырды. Қазылар құрамында облыстық қоғамдық-саяси «Алатау арайы» газетінің бас редакторы Қуаныш Тұңғатар, Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы, белгілі каламгер Ержан Токтар, «Жетісу» телеарнасының продюсері, журналист Гүлжан Қызыбай болды. Әрбір кезең әділ сараланып, қатысушылардың білім деңгейі мен өнері, сахнадағы өзін ұстауы мен киім үлгісі ерекше назарға алынды.

Төрт кезеңнен тұратын байқаудың алғашқысы «Абай әлемі» деп аталып, онда қатысушылар ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты сауалдарға жауап берді. Бұл сәтте жас буынның Абайды қаншалықты оқығаны, оның даналығын жүрегімен түйсінгені айқын көрінді. Екінші кезеңде «Мен жазбаймын өлеңді еркек үшін» аталымымен хәкімнің жырлары мәнгерлеп оқылды. Көрермен жүрегіне жеткен әрбір өлең жолы сахна төрінде жаңаша тыныстап, асыл сөздің айбынын асырды. Үшінші кезеңде «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен» деп аталған шығармашылық сын болды. Мұнда жас ақындар өз жүрегіні жарып шыққан арнау жырларын оқып, ұлы ойшылға деген сүйіспеншілігін жыр орнегіне қосты. Ал соңғы кезең «Абай айтқан асыл сөз» бөлімінде қатысушылар хәкімнің

Хәкімнің әділ шешімі

Абай он үшке толғанда сәлем беру үшін атасы Алышбайдың ауылына барады. Қайын жұрты Қаракесек ішіндегі Шаниарлар еді. – Ассалаумағалейкум! – деп сынай үнмен сызылта тіл қатып табалдырықтан атпайды. – Пай-пай! Шешеннің ұрпағы емес пе, сәлемнің сәнін келтіріп, баптауыңай! – дейді бірінші адам оған сынай қарап. – Әкесі Құнанбайға тартпай, тіл мен көзден Құдайдың сақтауыңай! – дейді екінші кісі. – Жүндес тоқты қошқардай тұрпаты бар, үстіне қалың түктің қаптауыңай! – депті үшінші адам. Сонда Абай да әзілге әзілмен жауап қайтарыпты. – Әттеген-ай! Қызыңызды әуелде ұзатқанда, түктіден аулақ жүр деп айтпауыңай-ай! – дейді үлкендерге басын иіп. Сонда Алышбай атасы мына тапқырлыққа екі иығы селкілдеп сүтсіне күліпті. – Мінеки, үшеуіңе бір сыбаға! – деген екен.

Бес болыс Тобықтының бетке ұстарлары жиналып, өршіген дауды Абайдың алдында шешек болады. Олардың арасында атақты шешен Бегеи те бар екен.

Абай дауласқандардың уәжін тыңдай келіп, Бегештің айтқанына тоқтайды. Сөйтіп көпшілік азышылықтан жеңіледі. Барлығы тараған соң ел жуандары ақыңға өкпелерін айтады. – Абай-ау, мұның не?! Бес болыс Тобықтыны бір болыс Керейге жығып бердің. Байлауыңның мәнісін түсіне алмадың, – депті. Сонда Абай руластарына қарап: – Сендердің сөздерің Бегешікіңдей негізді болмады. Ол шешімін тапты, ойын жүйелеп айтты. Бегешті жақтағаным сондықтан. Енді сендерге айтарым, көңілдерің толмай, Бегеш секілді болғыларың келсе, бесеуің дереу атқа қоныңдар. Анау төбені көрдіңдер ме? Соның басына шығып маған бес уыс жел әкеліңдер, – дейді. – Абай-ау, бұл сөзбен бізге нені меңземексің? Жел ұстаушы ма еді?! – дейді. Сонда Абай дауласқандарға қарап тұрып: – Ендеше жеңілгендеріңді мойындаңдар. Бегеш – сол есіп тұрған жел емес пе?! – деген екен.

Оразбайдың озбырлары Абайды сабапты деген хабар Арғын, Найман, Керей, Уақтың еліне түгел тарайды. Ігі жақсылар жиналып Абайға барады. Сөзді Бегеш бастайды.

– Ит арамды, тентек Құдайды танымайды. Сіз – күллі Орта жүздің асылысыз. Алақпелердің қолы тигеніне наразымыз. Көштің байсал тапқаны – көкөрайға қонғаны, даудың байсал тапқаны – төрешіге барғаны. Өртесен де алтын, сірә, жез болмас, аяққа шұлау қылсаң да, асыл жібек боз болмас. Білім – бақтың қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің азығы. Ұстазынан, жақсысынан айырылса ел не таппақ?! Сағымдай құбылып, сабындай бұзылып жоғалады да. Абай сияқты есті, ақылды адам надандықтың соққысына ұшыраса не істеу керек?! Айтпаса да түсінікті. Рұқсатыңды бер, тентегіңді тыюға келдік, – депті.

Сонда Абай жиылған топқа қарап: – Әй, Бегеш-ай! Шешендікке салып қыстырасыз-ау! Ғәділет пен қасірет бар емес пе? Қара шиенің дәні болғанша, бидайдың сабағы бол. Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол. Жамандықты жол еткен Оразбайға айтқан сөз суга жазғанмен бірдей. Қашқан иттен өш алсам, менің де ит болғаным ғой. Айыпты әпермеңдер, аласаны әкелмеңдер, аяғыма жықпаңдар, – деген екен.

«Шешендік сөздер» кітабынан

АЛАТАУ арайы
Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ
Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ
Жауапты хатшы: Шолпан НҰРЖАУОВА
ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС
Директор: Кәдірбек ҚҰНЫПИАҰЛЫ
Бас редактор: Қуаныш ТҰҢҒАТАР

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 272 42 04
